

3 Дәрігер қай кезде де бәсекеге қабілетті болуы керек



5 Жерлесіміз – "Үздік ауыл мейіргері"



# Сыр бойы

№89-90 (21164-21165) 20 маусым, сенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboy.kz

www.instagram.com/syrboy\_kz

t.me/syrboy\_kz

twitter.com/syrboy

## /// ПРЕЗИДЕНТ



### БІЛІКТІ ХИРУРГ МАРАПАТ ТӨРІНДЕ

Медицина қызметкерлері күні қарсаңында Мемлекет басшысы отандық денсаулық сақтау саласын дамытуға елеулі үлес қосқан қызметкерлерді наградалармен марапаттады. Сыр өңірінің мақтанышы, білікті хирург, медицина ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, А.Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығының басқарма төрағасы Болатбек Баймахановқа II дәрежелі «Барыс» ордені табысталды.

Болатбек Бимендіұлы өзінің бүкіл саналы ғұмырын медицина ғылымын дамытуға, отандық хирургияны жаңа деңгейге көтеруге және мыңдаған адамның өміріне араша болуға арнап келеді. Кәсіби шеберлігі, ғылыми ізденісі мен ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында еліміздегі хирургия саласының дамуына зор үлес қосты. Оның жетекшілігімен күрделі медициналық технологиялар енгізіліп, жоғары білікті мамандар даярланды. Сондықтан Болатбек Баймахановты тек тәжірибелі хирург қана емес, жас дәрігерлердің тәлімгері, медицина ғылымының көрнекті өкілі әрі денсаулық сақтау саласының беделді ұйымдастырушысы ретінде де ел жақсы таниды. Жерлесіміздің есімі бүгінде Қазақстанмен ғана шектелмей, жақын және алыс шетелдердегі медициналық ортаға да кеңінен мәлім. Оның кәсіби біліктілігі мен ғылыми еңбектері халықаралық деңгейде жоғары бағаланады.

«СБ» ақпарат

## /// ТУЫНДЫ ТАНЫСТЫРЫЛЫМЫ

### «ЖҮРЕКТЕГІ ЖАПЫРАҚ» ОҚЫРМАНҒА ЖОЛ ТАРТТЫ



Парламент Сенатының депутаты, Президент сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қызылорда облысының құрметті азаматы Нұртілеу Жүсіптің «Жүректегі жапырақ» атты кітабының таныстырылымы өтті. Айта кетейік, автордың бұған дейін «Біз кімнен кембіз?», «Қазақтың қызы», «Елес пен бөлес», «Тәуелсіздік лебі: ел мен жер», «Мың құмырсқа және біз» кітаптары жарық көрген.

6-бет

## /// ФОРУМ

### ҚҰНДЫЛЫҚ ҚАЗЫҒЫ ҚАМҚОР ӘКЕГЕ ҮШ БӨЛМЕЛІ ПӘТЕР ТАБЫСТАЛДЫ

Биыл әкелер форумы төртінші мәрте ұйымдастырылуда. Бұл – ұлттық құндылықтарды дәріптеп, ер азаматтың отбасы мен қоғамдағы мәртебесін арттыруға бағытталған маңызды алаң.

Осы жолғы облыстық форум да мән-мазмұнымен ерекшеленді. «Достық үйінде» өткен форумға облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев, «Әкелер одағы» республикалық қоғамдық бірлестігі төрағасының орынбасары Бекдайыр Күзембай, мәслихат депутаттары, зиялы қауым өкілдері, аудандардан келген, түрлі салада табысқа жетіп, кәсіби мен еңбегі арқылы елге үлгі болып жүрген азаматтар қатысты.

– Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Әке жауапкершілігі – отбасының беріктігі мен ұрпақ тәрбиесінің негізі. Біздің қоғамда әкенің рөлін арттыру, оның отбасындағы беделін нығайту – өте маңызды міндет» деген болатын.

Ұлттың сапасы, болашақ ұрпақтың азаматтық болмысы әкенің берген тәрбиесіне тікелей байланысты, – деді облыс әкімі форумдағы сөзінде. Сондай-ақ Жаңа Конституциямызда «Неке мен

отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады» деп нақты көрсетілгенін, бұл отбасы құндылықтары мемлекеттік саясаттың негізгі өзегіне айналғанының айқын дәлелі екенін атап өтті.

– Әке – тек отбасын асыраушы емес, баланы жауапкершілікке, еңбекқорлыққа және Отанға деген сүйіспеншілікке баулитын алғашқы мектеп. Баланың болашағына әсер ететін ең қуатты күш – отбасындағы тәрбие, әкенің өнегесі. Сондықтан «Адал адам», «Заң мен тәртіп», «Таза Қазақстан» секілді мемлекеттік бастамаларды қоғамда орнықтыру ең алдымен отбасынан басталуы тиіс. Баршаңызды ел мүддесіне адал қызмет етуге және ұрпақ тәрбиесіне зор жауапкершілікпен қарауға шақырамын», – деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Іс-шарада отбасы құндылықтарын насихат-

## /// КӘСІБИ МЕРЕКЕ

### ҰЛТ САУЛЫҒЫНЫҢ ЖАНКЕШТІ ЖАНАШЫРЛАРЫ



Суретті түсірген: Бағдат ЕСЖАНОВ

Бүгінде Президент пен Үкімет қолдауымен аймақта денсаулық сақтау саласын дамытуға, медицина қызметкерлеріне жан-жақты қолдау көрсетуге бағытталған кешенді шаралар тұрақты жүруде. Ал кеше «Өнер орталығында» облыс әкімі Мұрат Ерғешбаевтың қатысуымен медицина саласының қызметкерлерін марапаттау рәсімі өтті.

Мерекелік шараға ҚР Парламенті Сенатының депутаттары Нұртілеу Жүсіп, Бекбол Орынбасаров, Амангелді Есбай, зиялы қауым өкілдері және сала басшылары мен ардагерлер қатысты.

– Денсаулығымыздың қорғаны, адам жанының арашасы, мейірім мен ізгіліктің жаршысы болған ақ халатты абзал жандардың еңбегі қашанда елеулі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Ұлт саулығы – еліміз үшін бәрінен қымбат құндылық. Сондықтан медицина саласын дамыту мемлекеттің стратегиялық міндеті саналады. Осы орайда, дәрігердің ел өміріндегі орны айрықша екені сөзсіз» деген болатын.

Бүгінгі мерейлі мерекеге орай ҚР Премьер-министрінің бірінші орынбасары Нұрлыбек Нәлібаев Сіздерге арнайы құттықтауын жолдады. Еліміздің денсаулық сақтау саласында ерен еңбектің үлгісін көрсетіп жүрген сыр-бойылық дәрігерлерімізді ерекше мақтанышпен айтамын. Қазақстанның Еңбек Ері, Сыр перзенті Юрий Владимирович Пя бес мыңнан астам ашық жүрек отасын жасады. Еліміздің бас хирургі, профессор, жерлесіміз Болатбек Баймаханов жетекшілік еткен мамандар тобы медицина тарихында тұңғыш рет бір мезетте үш науқасқа үш донордың бүйрегін трансплантациялау бойынша аса күрделі операцияны сәтті жүзеге асырды. Болатбек Бимендіұлы

кеше Президентіміздің қолынан екінші дәрежелі «Барыс» орденін алды. Жерлесімізді жоғары марапатымен барша Сыр жұртшылығының атынан құттықтаймын. Былтыр облыс тарихында алғаш рет бауыр, 10 науқасқа бүйрек трансплантациясы жасалды. Отаның 6 жаңа түрі тәжірибеге енгізілді. Бұл – Сыр медицинасының мүмкіндігі мен мамандардың біліктілігін айқындайтын жарқын мысалдар. Дәрігер – ең ізгі, ең кәсіпкерлі мамандық иесі. Халыққа әрдайым адал қызмет етіп, абыройлы болыңыздар, – деді аймақ басшысы.

Рәсімде саланың дамуына елеулі үлес қосқан мамандар «Парасат», «Құрмет» ордендерімен, «Ерен еңбегі үшін», «Шапағат», ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің «Еңбек ардагері» медальдарымен, «Денсаулық сақтау ісінің үздігі», «Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен, «Қазақстанның еңбек сіңірген дәрігері» құрметті атағымен, ҚР Премьер-министрінің бірінші орынбасарының және облыс әкімінің Алғыс хатымен, Қызылорда облысының Құрмет грамотасымен марапатталды.

Солардың қатарында Қызылорда медициналық жоғары колледжі дирек-

торының орынбасары Бақыт Әбдіқаниева «Ерен еңбегі үшін» медалін тақты.

– Дәрігер мамандық қана емес, үлкен еңбек пен білімді талап ететін қасиетті қызмет. Мұндай мамандық иелеріне тек адалдық пен жанкештілік жарасқан. Біздің колледж ашылғалы Сыр елінде 40 мыңнан астам түлек түрлі мамандық алып шықты. Өзіміздің 37 жыл еңбек жолымыз елге керекті сала мамандарын дайындауға үлес қостым. Олар республиканың әр өңірінде абыроймен еңбек етуде. Айта кетейін, 2028 жылы біздің оқу орнына 100 жыл толмақ. Орта буын медициналық мамандарды даярлайтын бірегей колледждегі әріптестерімді және барша сырбойылық дәрігерлерді бүгінгі мерекемен құттықтаймын, – дейді ол.

Айта кетейік, кейінгі төрт жылда Сыр елінің денсаулық сақтау саласына 625 млрд теңгеге жуық қаржы бөлініп, 41 медицина нысаны ел игілігіне берілді. «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасымен барлық ауданда 28 медицина нысаны салынды. Қазір облыс орталығында емханасы мен онкологиялық бөлімшесі бар 300 орындық көпбейінді аурухананың, 400 және 500 келушіге арналған емханалардың, 200 орындық перинаталдық орталықтың құрылысы жүріп жатыр.

Іс-шара соңында ардагерлерге гүл шоқтары тарту етіліп, мерекелік бағдарлама ұсынылды.

Ержан ҚОЖАС,  
«Сыр бойы»

«СБ» ақпарат

Валюта бағамы \$ 488,37 kzt

€ 559,77 kzt

₸ 6,64 kzt

Ауа райы:

Сенбі



+34°



+23°

Жексенбі



+35°



+23°

## «БЕДЕЛДІ ПЕРЗЕНТХАНА»

Медицина қызметкерлерінің еңбегі мемлекет назарынан тыс қалған емес. Кәсіби мереке қарсаңында Ақордада өткен салтанатты рәсімде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев денсаулық сақтау саласы мамандарын құттықтап, ел медицинасын дамытуға сүбелі үлес қосқан бірқатар қызметкерді мемлекеттік наградалармен марапаттады. Адам өмірі үшін күн сайын күресіп жүрген ақ халатты абзал жандардың еңбегіне осылайша жоғары баға берілді.



Мерекелік шаралар аясында Астана қаласындағы Бейбітшілік және келісім сарайында ана мен бала денсаулығын сақтау саласындағы үздік медициналық ұйымдарды марапаттау рәсімі өтті. Денсаулық сақтау министрлігі ұйымдастырған республикалық кәсіби байқаудың қорытындысы бойынша Қызылорда облыстық перинаталдық орталығы «Беделді перзентхана» атағын иеленді. Марапатты Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова орталықтың бас дәрігері Олег Кимге табыстады.

Аталған марапат – өңірде ана мен бала денсаулығын қорғау бағытында атқарылып жатқан жүйелі жұмыстың және медицина қызметкерлерінің кәсіби біліктілігі мен жауапкершілігінің нәтижесі. Бүгінде облыстық перинаталдық орталық жүкті әйелдерге, босанған аналарға, жаңа туған нәрестелерге және гинекологиялық науқастарға ІІІ деңгейлі мамандандырылған медициналық көмек көрсететін жетекші мекемелердің бірі саналады.

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, 2025 жылы облыс бойынша тіркелген барлық босанудың 48,2 пайызы осы орталықта қабылданған. Кейінгі жылдары мекеменің материалдық-техникалық базасы жаңартылып, заманауи медициналық құрал-жабдықтармен қамтылу деңгейі 92 пайыздан асқан.

Орталық қызметінің тиімділігін айқындайтын маңызды көрсеткіштердің бірі – кейінгі екі жылда ана өлімінің тіркелмеуі. Бұл көрсеткіштің медициналық көмектің сапасы мен мамандардың кәсіби деңгейінің жоғары екенін аңғартады.

Ал 2026 жылдың алғашқы алты айында орталықта 3051 сәби дүниеге келген. Оның 1531-і – ұл және 1520-сы – қыз бала. Сонымен қатар 34 егіз бен бір үшем өмірге келіп, талай отбасының қуанышын еселеді.

Перинаталдық орталық мамандары тәулік бойы қызмет көрсетіп, ана мен бала денсаулығын қорғау жұмыстарын үздіксіз жүргізуде. Сонымен бірге орталық тек емдеу қызметімен шектелмей, медицина мамандарының біліктілігін арттыру, жаңа технологияларды енгізу және тәжірибе алмасу бағытында да маңызды жұмыстар атқаруда.

«Беделді перзентхана» атағы – ұжым еңбегінің жемісі әрі алдағы уақытта да сапалы медициналық қызмет көрсету жолындағы жауапты міндеттердің бірі.

Айта кетейік, өңірде 200 орындық жаңа перинаталдық орталықтың құрылысы жүріп жатыр. Құны 48 млрд 500 млн теңгені құрайтын нысанның жалпы аумағы 38 мың шаршы метр болмақ. Заманауи талаптарға сай жабдықталатын жаңа орталық – ана мен бала өмірін сақтауға, денсаулық көрсеткіштерін жақсартуға және демографиялық өсімді қолдауға бағытталған маңызды әлеуметтік жобалардың бірі.

Шынар БЕКБАН,  
«Сыр бойы»

/// ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

## САПА ҚҰРЫЛЫСТЫҢ БАРЛЫҚ КЕЗЕҢІНДЕ ТАЛАП ЕТІЛЕДІ



ҚР Премьер-министрінің бірінші орынбасары Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен тұрғын үй және әлеуметтік инфрақұрылым нысандарының құрылыс сапасына қатысты мәселелер талқыланған кеңес өтті. Оған облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев селекторлық режим арқылы қатысты.

Мемлекет басшысының құрылыс сапасын арттыру, нысандардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және бюджет қаражатын тиімді пайдалану тапсырмасы бар. Жиында құрылысқа бақылауды

күшейту, техникалық және авторлық қадағалау институттарының жауапкершілігін арттыру, анықталған кемшіліктерді уақытылы жою мәселелері қаралды. Премьер-министрдің бірінші

орынбасары ақауларды жою барысында көзбояушылыққа жол берілмейтінін атап өтті. Құрылыс сапасы жобалау кезеңінен бастап құрылыс-монтаждау, пайдалануға қабылдау, техникалық

/// САПАР

## ЕГІН АЛҚАБЫНДАҒЫ ЕСЕЛІ ЕҢБЕК

Қармақшы ауданы Ақжар ауылындағы «Шакизада» шаруа қожалығы 2005 жылы құрылған. Қазіргі уақытта 50 гектар күріш, 77 гектар ескі жоңышқа, 0,5 гектар бақша және 70 гектар дән жүгері өккен. Мұнда 5 адам тұрақты жұмыспен қамтылған.

Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев пен облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тлеумбетов Қармақшы ауданына жұмыс сапарында шаруа қожалығының тыныс-тіршілігімен танысты.

Биыл Қармақшы ауданында 25130 гектарға дақылдар егілді. Көктемгі егіске 21 ауыл шаруашылығы құрылымына 1611,5 тонна арзандатылған дизель отыны бөлінді.

Су үнемдеу технологияларын 600 гектар алқапқа, атап айтқанда, 19 гектарға тамшылатып суару, 581 гектар малазықтық дақылдарына жаңбырлатып суару тәсілі қолданылады. Ұжымдық бақша жобасы аясындағы 420 гектарға 960 отбасы орналастыру жоспарланып, 260 гектар бақша, 63 гектар көкөніс және 97 гектар картоп егілді.

Айта кетейік, биыл өңірде 185,8 мың гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары орналастырылды.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, өткен жылмен салыстырғанда күріш егісінің көлемі 10,9 мың гектарға қысқартылған.

Ерте егілетін дақылдар, атап айтқанда, 7541 гектар мақсары, 415 гектар жаздық арпа, 4338 гектар жаздық бидай, 21394 гектар жаңа

жоңышқа, 428 гектар кант құмайы, 873 гектар судан шөбі, 409 гектар сүрлемдік жүгері, 373 гектар соя, 120 гектар малазықтық асқабақ, 326 гектар тары, 1338 гектар картоп, 6 687 гектар көкөніс және 8501 гектар бақша егілді.

## АУЫЛДЫ ГАЗДАНДЫРУ ҚАРҚЫНЫ

Аймақ басшысының жұмыс сапары Төрбай би ауылы тұрғындарымен кездесуе, газ желісін тарту жұмыстарының барысымен танысуға ұласты.

Осы уақытта құбыр мен ішкі тарату желілері жүргізілуде. «Asia Story KZ» және «Grand Structure Engineering» серіктестіктері қолға алған жобаға 479,5 млн теңге бөлінген.

Ауылдарға «көгілдір отын» жеткізу Қазақстан Республикасын газдандырудың 2023-2030 жылдарға арналған бас схемасына, Қызылорда облысын газдандырудың 2023-2027 жылдарға арналған егжей-тегжейлі жоспарына сүйеніп атқарылуда.

Өткен жылдың қорытындысымен өңірді газдандыру көрсеткіші 83 пайызға жетті. Бүгінде 4 қала және 56 елді мекен табиғи газға қосылған.

Биыл 14 жобаны іске асыруға 4,9 млрд теңге қаржы бөлінді. Оның ішінде 2-суі – өтпелі, 12-сі – жаңа жоба, 10 елді мекен тұрғындары табиғи газға қолжеткізеді. Осылайша газдандырылған елді мекен саны 66-ға, газбен қамту 85 пайызға дейін артады.

Газдандыруды одан әрі жалғастыру үшін 15 млрд теңгенің 9 жобасы әзірленіп, қаржыландыруға



ұсынылды. Қолдау тапқан соң қосымша 11 ауылды табиғи газға қосу жоспарланған.

Бұдан бөлек, «QazaqGaz Aймақ» АҚ-ның 2026-2030 жылдарға арналған инвестициялық бағдарламасымен Жаңақорған ауданындағы 6 елді мекенді газдандыру көзделіп отыр.

## ТАЛАП ТЕГЕҮРІНДІ

Одан әрі Жосалы кентіндегі «Руханият орталығында» аудан активінің жиыны өтті.

Аймақ басшысы бірқатар өзекті мәселеге тоқталып, салық базасын ұлғайту, шетелдік инвесторлармен келіссөз жүргізу, су үнемдеу технологияларын енгізу, құрылыс сапасын бақылауды күшейту және газдандыру деңгейін арттыру бойынша нақты тапсырмалар берді.

– Ауданның қаңтар-мамыр айларындағы негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерінде оң динамика қалыптасқан. Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуде салық базасын ұлғайту ерекше маңызға ие. Кент және ауылдық округ әкімдері осы ретте жүйелі жұмыс жүргізуі тиіс. Ішкі мүмкіндіктер мен экономикалық әлеуетті тиімді пайдалана отырып, жаңа инвестициялық жобаларды қолға алу қажет.

2023 жылдан бері күріш егісінің көлемі 1158 гектарға қысқарды. Ауданда 33 шаруашылық каналы бар болса, соның 9-на жоба-сметалық құжаттама әзірлеу жоспарланған. Суды аз қажет ететін дақылдарға ба-

және авторлық қадағалау, кепілдік міндеттемелердің толық орындалуына дейінгі барлық кезеңде қамтамасыз етілуі тиіс.

Тұрғын үйлер, әлеуметтік нысандар, инженерлік-коммуналдық инфрақұрылым, автомобиль жолдары, абағандыру объектілері, аула аумақтары, сыртқы жарықтандыру жүйелері, теміржол вокзалдары мен автовокзалдар құрылысына бақылауды күшейту қажет.

Кемшіліктер мердігер ұйымдар қаражаты есебінен, кепілдік міндеттемелер шеңберінде, бюджет қаражатын жұқсамай жойылуы керек. Мәжілісте бақылауды күшейту және тапсырыс берушілердің, мердігер ұйымдардың, техникалық және авторлық қадағалаудың жауапкершілігін арттыру шаралары талқыланды.

Кейінгі үш жылда аймақта құрылыс саласына бөлінген қаржы тұрақты өсіп, 2023-2025 жылдар аралығында 349,9 млрд теңгеге жетті.

Құрылыс жүріп жатқан нысандардың сәулеттік келбеті мен ішкі дизайны алдын ала келісіліп, сыртқы және ішкі әрлеу жұмыстарының үйлесімділігі қамтамасыз етілуде.

Жұмыстың сапалы әрі белгіленген мерзімде орындалуы үшін барлық нысан тұрақты бақылауға алынған.

сымдық беруді тапсырамын. Жобаларды әзірлеп, «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясымен бірлесіп жұмыс жасанғандар, – деді облыс әкімі.

Кейінгі төрт жылда Қармақшы ауданында 267 пәтер берілген. Тұрғын үй құрылысы биыл да жалғасалды. Жауапты басшылар құрылыс сапасына бақылауды күшейтуі керек.

Қармақшыда газдандыру көрсеткіші 79,2 пайыз, бүгінде Іркіөл және Төрбай би ауылдарына табиғи газ қосу қарқынды жүргізілуде. Аймақ басшысы облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасымен бірлесіп, басқа ауылдарға да кезең-кезеңімен газ жеткізуді тапсырды.

«Жасыл даму» акционерлік қоғамының қаржыландыруымен өңірде 98,7 млрд теңгеге 9 жоба іске асырылуда. Қармақшы ауданында «Ірін Орда Проект» серіктестігінің жобасы жоспарланған. Алдағы уақытта жұмыс қарқынды арттырып, екінші кезең сараптамасына құжат тапсыру болмақ.

Бұдан бөлек, жауапты тұлғаларға қоғамдық тәртіпті нығайту және Конго-Қырым геморагиялық қызбасы бойынша эпидемиологиялық ахуалды тұрақты бақылауда ұстау міндеттелді.

Кездесуде тұрғындар мен ауыл ақсақалдары өзекті мәселелерді көтеріп, ұсыныстарын ортаға салды.

Осы сапарда аймақ басшысы қармақшылық үздік оқушылармен кездесіп, олардың ұстаздарымен бірлесіп жасаған колөнер бұйымдарын және заманауи технологияларды пайдалана отырып жүзеге асырған тың жобаларының көрмесін тамашалады.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

/// ӘРІПТЕСТІК

## ТӨРТЖАҚТЫ МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ

Қызылорда облысының білім басқармасының басшысы Асқарбек Есжанов, И.Әбдікерімов атындағы Қызылорда политехникалық жоғары колледжінің директоры Абайбек Жүнісов Қытай Халық Республикасының Бейжің қаласында халықаралық білім беру саласындағы маңызды құжатқа қол қойды.

Төртжақты ынтымақтастық туралы меморандум Қызылорда облысының білім басқармасы, Чунцин электрондық ғылым және технологиялар кәсіптік университеті, И.Әбдікерімов атындағы Қызылорда политехникалық жоғары колледжі және «Чунцин баспасы» компаниясы арасында жасалды.

Аталған келісім техникалық және кәсіптік білім беру саласындағы әріптестікті нығайтуға, тәжірибе алмасуға және еңбек нарығына қажетті маман даярлауға бағытталған.

Меморандум аясында тараптар оқытушылар мен студенттер алмасад.

Қытайда білім алатын шетелдіктерді даярлау жүйесі дамиды, бірлескен оқу-тәжірибе орталықтарын, мамандандырылған шеберханалар құру көзделген. Екі тілде оқулықтар мен заманауи цифрлық білім беру ресурстары әзірленеді. Сонымен қатар «Қытай тілі + кәсіптік дағдылар» бағдарламасы енгізіледі. Өндірістік тәжірибеден өту, түлектерді жұмыспен қамту мүмкіндіктері кеңейтіліп, білім беру мен өндірісті ықпалдестіратын халықаралық жобалар іске асады.

Сапар Чунцин қаласындағы келіссөздермен жалғасып, білім беру және



мәдениет салаларындағы ынтымақтастықты дамытуға бағытталған бірқатар кездесу өткізу жоспарланған. Бұл жана бастамалар мен бірлескен жобаларға жол ашмақ.

Кейінгі жылдары Мемлекет басшысының және Үкіметтің ерекше қолдауымен аймақтың білім беру саласында 46 заманауи нысан ел игілігіне табысталды. Олардың қатарында сол кездегі аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың бастамасымен Қызылорда қаласында бой көтерген еліміздегі алғашқы «Құзыреттілік орталығы» да бар. Бүгінде орталық жастардың кәсіби дағдыларын шыңдауына, тұрақты жұмыспен қамтылуына оң ықпалын тигізіп келеді.

/// ЕРТЕҢ – МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРІ КҮНІ

Әлемде қанша мамандық болса да бәрінің маңызы зор. Әйтсе де, адам жанының арашашысы болған ақ халатты абзал жандардың орны ерекше екені даусыз. Себебі денсаулық – адамның баға жетпес байлығы. Ұлттың саулығын жақсарту арқылы биік мақсатқа жету – барша дамыған елдер ұстанған басты бағыт. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: «Ұлт саулығын нығайту үшін кешенді шараларды қолға алып, халықты әлеуметтік қолдау жүйесін жаңғырту керек» деп атап өткен болатын.

Кейінгі жылдары Сыр еліндегі тың серпін, толымды табыстар туралы республика көлемінде аз айтылып жүрген жоқ. Соның бірі – жаңа медициналық ғимараттардың бірінен соң бірі бой көтеріп, ел игілігіне берілуі. Онан өзге де табыстар қаншама. Саладағы сондай жетістіктердің бәрінде ақ желеңді абзал жандардың үлесі бар десек қателеспейміз. Медицина қызметкерлерінің кәсіби мерекесі қарсаңында облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Алмас Әбілпаттамен сұхбаттасқан едік.

# ДӘРІГЕР ҚАЙ КЕЗДЕ ДЕ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ БОЛУЫ КЕРЕК

– Алмас Әбілпаттамен, кәсіби мерекенің құтты болсын! Жаңа қызметіңізге сәттілік тілейміз. Кәсіби мерекеде ең алдымен дәрігерлік еңбек жолыңызды бір еске аласыз ба? Ойға еріксіз оралатын жәйы естеліктер бар шығар?

– Көп рахмет! Еңбек жолы туралы айтқанда ең алдымен мектеп қабырғасындағы сәттер еске түседі. Оқушы кезімде «Кім болам?» деген тақырыпта ойлана бастайсың. Бірақ мен үшін ол сұрақтың шешімі қиын емес еді. Өйткені бала кезімнен дәрігер болуды армандалдым. Ол кезде білесіз, ауылда дәрігер аз болатын. Солардың кіршіксіз ақ халаты мен ұзын ақ қалпағына қызығушы едім. Өсе келе осы мамандыққа тоқталдым. Өзгелер арман қуып Алматыға барып жатса, мен Қарағандыға кеттім. Қарағанды медицина академиясына оқуға түстім. Ол жаққа баруымның бір себебі – әкем де, ағаларым да сонда оқыған. Дәрігер емес әрине, өзге мамандыққа. Жоғары оқу орнында жүргенде хирург боламын дедім. Хирургия сабағы үшінші курста басталды. Одан марқұм Сапархан Пірімбеков деген ұстазымыз сабақ берді. Ең бірінші сабақта сол кісіге барып «хирург болғым келеді, сізбен бірге түнгі кезекшілікке барайыншы» дегенім есімде. Ол кісі «Алмас, саған әлі ерте емес пе, алтыншы-жетінші курста кезекшілікте болатын кезде бетің қайтып қалмай ма?» дейтін. Сол кісімен бірге ауруханаға барып, түнгі кезекшілікте жүретінмін. Операция бөлмесіне кіргізгенімен, есіктің аузына тұрғызып қоятын. Тек алыстан бақылап тұрушы едім. Дәрігерлердің не істеп жатқанын көрмейсіз, бірақ сол жерде тұрғанның өзінің аурасы бөлек болушы еді. Соның өзі маған ерекше әсер ететін. Осылайша қызығушылығымыз қайтпады. Алтыншы-жетінші курста хирург болуға алаңсыз бет бұрдық. Осында келгеннен кейін облыстық медицина орталығының қабылдау бөліміне кезекші хирург болып қабылдандым. Аллаға шүкір, жүрген жерімде әрдайым жақсы адамдар жолықты. Студент кезімде Сапархан Пірімбеков, Ғалымбек Сайлауұлы, Абай Амантайұлы деген жақсы ұстаздарым болды. Мұнда келгенде де жақсы ортаға кезіктім. Республика көлемінде Абдолла Шүленбаевтың аты дүркіреп тұрған кез. Қарағандыда жүріп Қызылордада сондай мықты хирург бар деп еститінбіз. Қабылдау бөлімінде жүріп Шүленбаевтың бөліміне баратынмын. Ол кезде бір ставка кезекші хирургтің, бірақ кезекшіліктен босаған бойда сол кісінің қасынан табылатынмын. Бірге операцияларға қатысып жүрдім. Кейін жоспарлы хирургияға қасына алды. Бөлімде Нұридин Әминов ұстазым болды. Ол кезде Нұридин Егембердіұлы хирургия жөніндегі орынбасар еді, кейін орталықтың бас директоры болды. Қазір қалалық аурухананың бас дәрігері. Осылайша Шүленбаев, Әминов, Мантаев секілді кілең мүйізі қарағайдай мықты мамандардың мектебінен өтіп, ілеусінде пісіп-жетілдік.

2018 жылы директордың орынбасары қызметіне тағайындалдым. Ол қызметті 2023 жылға дейін атқардым. Сол жылы Шиелі аудандық ауруханасының бас дәрігері лауазымына тағайындалдым. Ол жақтағы ұжымым да өте жақсы болды. Биыл міне, сол кездегі аймақ басшысының қолдауымен, сол кездегі басқарма басшысының ұсынысымен жана қызметке кірістім. Бұл жерде де бұрынғы ұстаздарым өздерінің ақыл-кеңесін айтып, бағыт-бағдар беріп отырады. Қазір медицина бұрынғыдай емес. «Заман өзгерді, халықтың сіздерге деген талабы да өзгерді» деп айтамын. Қызығы мен шыңығы қатар жүретін мамандық қой. Адам өміріне жауап бергендіктен ауыртыпшылығы да жоғары. Соған сай қойылатын талап та жоғары. Сондықтан дәрігер қай кезде де бәсекеге қабілетті болуы керек.

– Жаңа қызметке келгеніңізге көп болған жоқ, бұған дейін де басшылық қызметтерде жүрдіңіз. Дәрігер ретінде іс тәжірибедең, яғни практикіден қол үзіп қалдым деп ойламайсыз ба?

– Иә, бір саланы таңдау керек. Бірақ басшылық салада да жұмыс істейтін адам керек. Осы сұрақ мені облыстық медицина орталығында



– Аймақта денсаулық сақтау саласының инфрақұрылымын жақсарту бағытында жүйелі жұмыстар атқарылууда. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында 10,2 млрд теңгеге жоспарланған 27 нысан пайдалануға беріліп, халық игілігін көруде. Оның ішінде 24 дәрігерлік амбулатория, екі фельдшерлік-акушерлік бекет, бір медициналық бекет бар. Сонымен қатар, жоба аясында ауыл тұрғындарына шұғыл медициналық көмек көрсету бойынша 9,9 млрд теңгенің 6 жобасы жүзеге асырылып, пайдалануға берілді. Оның ішінде Арал, Қазалы, Шиелі және Жаңақорған аудандық көпбейінді ауруханаларының қосымша құрылысы және Шиелі, Арал аудандарындағы жұқпалы аурулар бөлімшелерінің ғимараттары бар.

бас директордың хирургия жөніндегі орынбасары қызметіне барарда қатты қинады. Шешім қабылдау өте қиын болды. Операция жасап жүрген хирург үшін шынында оңай емес еді. Ол кезде отызда едім. Отыз жаста мың жарым адамға басшы болу, оның үстіне өзім тәлімін алған Оразмаханов, Шүленбаев, Дәуітбаев сынды мамандарға жетекшілік ету үлкен жауапкершілік еді. Қалай болғанда да хирургия немесе ұйымдастырушылық сала екеуінің бірін таңдау керек болды. Сол кезде Нұридин Егембердіұлының «Алмас, хирург көп, организатор аз»

сан елді мекенінде медициналық бекет іске қосылды. Сонымен қатар, Қызылорда қаласының сол жағалауында облыстық қан орталығының жаңа ғимараты ашылды.

Жергілікті бюджет есебінен 2,3 млрд теңгеге екі ауылдық аурухана құрылысы жүргізіліп, пайдалануға берілді. Жаңақорған, Арал аудандарында «Қамқорлық» балалар орталығы ашылып, қызмет көрсетуде.

Кейінгі үш жылда 6,7 млрд теңгеге 24 нысанға күрделі жөндеу жүргізілсе, 1,2 млрд теңгеге 44 денсаулық сақтау нысанының жылу жүйесі газға ауыс-

тырылды. Нәтижесінде ғимараттардың тозуы 74,4 %-дан 36,6 %-ға төмендеді, республикалық көрсеткіш – 37,9 %.

Онан бөлек, облыс орталығында 36,4 млрд теңгеге бір ауысымда 100 келушіге арналған емханасы және онкологиялық бөлімшесі бар 300 орындық көпбейінді аурухананың құрылысы қарқынды жүруде, биыл пайдалануға беріледі деп жоспарланып отыр. 14,7 млрд теңгеге Сырдария өзе-

тирды. АЕК көлемінде әлеуметтік көмек берілді. Сонымен қатар, жергілікті бюджеттен аса тапшы 10 маманға 8,5 млн теңге көлемінде біржолғы жәрдемақы төленсе, биыл да 10 дәрігерге төлеу жоспарланған. Бұл шаралар өз кезегінде екі-үш жыл көлемінде саланы дәрігермен толығымен қамтамасыз етуге, маман тапшылығын мейлінше азайтуға мүмкіндік береді деп күтілуде.

– Мамандардың біліктілігін арт-

тыру бойынша қандай жұмыстар бар?

– Үкіметтің ««Дені сау ұлт» әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау» ұлттық жобасының негізгі көрсеткішінің бірі ана өлімін болдырмау үшін өңірде акушер-гинеколог, анестезиолог, реаниматор, педиатр және неонатолог мамандар біліктілігін көтеруге қаржы бөлініп, білімін жетілдірді. Атап айтқанда, 2023 жылы 1328 маман, 2024 жылы 1472 маман оқытылды. Одан бөлек, былтыр жалпы

ұйымдарының автопаркі толығымен жаңартылды.

Кейінгі үш жылда денсаулық сақтау ұйымдарын материалдық-техникалық жабдықтармен қамтамасыз ету үшін 16 млрд теңгеге медициналық құрал-жабдықтар сатып алынды, оның ішінде КТ, МРТ, ангиограф сияқты қымбат техникалар да бар. Аудандық ауруханалар КТ аппаратымен толығымен қамтамасыз етілді. УДЗ, ФГДС аппаратары, ауруханалардағы керуелтерге дейін жаңартылды. Осылайша құрал-жабдықтармен жарактандырылу деңгейі 2022 жылы 83,2 %-дан 90,2%-ға жоғарылады.

– Істіңіз темігі қай кезде де маманға байланысты, осы орайда кадр мәселесіне тоқталсақ, Дәрігер жетіспеушілігі бар ма?

– Бүгінде медицина ұйымдарында 12 595 медицина қызметкері еңбек етеді. Оның ішінде 2 514-і – дәрігер, 10 081-і – орта буын маман. Қазіргі кезде 111 маман тапшы. Оның ішінде акушер-гинеколог, радиолог, невропатолог, хирург, психиатр, травматолог, жедел және шұғыл медициналық көмек дәрігерлері бар. Маман тапшылығын азайту үшін 2023 жылдан бері аса қажетті медицина мамандықтары бойынша 67 резидентке облыс әкімінің гранты тағайындалса, «Жалпы медицина» мамандығы бойынша облыс әкімінің 45 гранты бөлінді.

Биылтыр «Дипломмен ауылға!» бағдарламасы бойынша ауылдық жерге жұмысқа орналасқан 23 дәрігерге 100

АЕК көлемінде әлеуметтік көмек берілді. Сонымен қатар, жергілікті бюджеттен аса тапшы 10 маманға 8,5 млн теңге көлемінде біржолғы жәрдемақы төленсе, биыл да 10 дәрігерге төлеу жоспарланған. Бұл шаралар өз кезегінде екі-үш жыл көлемінде саланы дәрігермен толығымен қамтамасыз етуге, маман тапшылығын мейлінше азайтуға мүмкіндік береді деп күтілуде.

– Мамандардың біліктілігін арт-

тыру бойынша қандай жұмыстар бар?

– Бар. Онкологиялық аурулар бойынша сырттан келіп емделушілер баршылық. Өйткені онкология орталығында операцияны жақсы жасайтын білікті дәрігерлер бар. Мысалы, онкология ауруханасының бас дәрігері Дмитрий Валерьевич Хегай тәжірибелі дәрігер, онкологияда ашпай лапароскопиялық ота жасауды меңгерген мықты маман. Көпбейінді облыстық ауруханада бауыр, бүйрек ауыстыру оталарын жасап жатқанның кейін өзге өңірлерден келіп ота жасатып, емделушілер көп. Биылдың өзінде 17 шет ел азаматы ем алды. Атап айтсақ, Ресейден 14, Өзбекстаннан бір, Грузиядан бір, Ұлыбританиядан бір азамат келіп ем алған.

– Сұхбатыңызға көп рахмет!

Сұхбаттасқан Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы», Суреттерді түсірген Н.НҰРЖАУБАЙ



деген сөзі қамшы болды. Осылайша екіншісін таңдадым. Операциядан қол үзіп бастағанның өзі мен үшін стресс болды. Шиеліде жүргенде арасында жасап жүрдім. Бірақ таңдау жасау керек болғанда ұйымдастыру, яғни менеджмент жағы маған жақын болды. Таңдауыма өкінбеймін.

– Енді сала жұмысына ойыссақ, «Ауылда денсаулық сақтауды дамыту» ұлттық жобасын жүзеге асыруда біздің облыс алдыңғы қатардан көрінді. Жалпы қанша нысан салынды?

– Аймақта денсаулық сақтау саласының инфрақұрылымын жақсарту бағытында жүйелі жұмыстар атқарылууда. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында 10,2 млрд теңгеге жоспарланған 27 нысан пайдалануға беріліп, халық игілігін көруде. Оның ішінде 24 дәрігерлік амбулатория, екі фельдшерлік-акушерлік бекет, бір медициналық бекет бар. Сонымен қатар, жоба аясында ауыл тұрғындарына шұғыл медициналық көмек көрсету бойынша 9,9 млрд теңгенің 6 жобасы жүзеге асырылып, пайдалануға берілді. Оның ішінде Арал, Қазалы, Шиелі және Жаңақорған аудандық көпбейінді ауруханаларының қосымша құрылысы және Шиелі, Арал аудандарындағы жұқпалы аурулар бөлімшелерінің ғимараттары бар.

2024 жылы «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында Қызылорда қаласының Баймұрат батыр елді мекенінде дәрігерлік амбулатория, До-

– Мамандардың біліктілігін арт-

тыру бойынша қандай жұмыстар бар?

– Үкіметтің ««Дені сау ұлт» әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау» ұлттық жобасының негізгі көрсеткішінің бірі ана өлімін болдырмау үшін өңірде акушер-гинеколог, анестезиолог, реаниматор, педиатр және неонатолог мамандар біліктілігін көтеруге қаржы бөлініп, білімін жетілдірді. Атап айтқанда, 2023 жылы 1328 маман, 2024 жылы 1472 маман оқытылды. Одан бөлек, былтыр жалпы

ұйымдарының автопаркі толығымен жаңартылды.

Кейінгі үш жылда денсаулық сақтау ұйымдарын материалдық-техникалық жабдықтармен қамтамасыз ету үшін 16 млрд теңгеге медициналық құрал-жабдықтар сатып алынды, оның ішінде КТ, МРТ, ангиограф сияқты қымбат техникалар да бар. Аудандық ауруханалар КТ аппаратымен толығымен қамтамасыз етілді. УДЗ, ФГДС аппаратары, ауруханалардағы керуелтерге дейін жаңартылды. Осылайша құрал-жабдықтармен жарактандырылу деңгейі 2022 жылы 83,2 %-дан 90,2%-ға жоғарылады.

– Істіңіз темігі қай кезде де маманға байланысты, осы орайда кадр мәселесіне тоқталсақ, Дәрігер жетіспеушілігі бар ма?

– Бүгінде медицина ұйымдарында 12 595 медицина қызметкері еңбек етеді. Оның ішінде 2 514-і – дәрігер, 10 081-і – орта буын маман. Қазіргі кезде 111 маман тапшы. Оның ішінде акушер-гинеколог, радиолог, невропатолог, хирург, психиатр, травматолог, жедел және шұғыл медициналық көмек дәрігерлері бар. Маман тапшылығын азайту үшін 2023 жылдан бері аса қажетті медицина мамандықтары бойынша 67 резидентке облыс әкімінің гранты тағайындалса, «Жалпы медицина» мамандығы бойынша облыс әкімінің 45 гранты бөлінді.

Биылтыр «Дипломмен ауылға!» бағдарламасы бойынша ауылдық жерге жұмысқа орналасқан 23 дәрігерге 100

АЕК көлемінде әлеуметтік көмек берілді. Сонымен қатар, жергілікті бюджеттен аса тапшы 10 маманға 8,5 млн теңге көлемінде біржолғы жәрдемақы төленсе, биыл да 10 дәрігерге төлеу жоспарланған. Бұл шаралар өз кезегінде екі-үш жыл көлемінде саланы дәрігермен толығымен қамтамасыз етуге, маман тапшылығын мейлінше азайтуға мүмкіндік береді деп күтілуде.

– Мамандардың біліктілігін арт-

тыру бойынша қандай жұмыстар бар?

– Бар. Онкологиялық аурулар бойынша сырттан келіп емделушілер баршылық. Өйткені онкология орталығында операцияны жақсы жасайтын білікті дәрігерлер бар. Мысалы, онкология ауруханасының бас дәрігері Дмитрий Валерьевич Хегай тәжірибелі дәрігер, онкологияда ашпай лапароскопиялық ота жасауды меңгерген мықты маман. Көпбейінді облыстық ауруханада бауыр, бүйрек ауыстыру оталарын жасап жатқанның кейін өзге өңірлерден келіп ота жасатып, емделушілер көп. Биылдың өзінде 17 шет ел азаматы ем алды. Атап айтсақ, Ресейден 14, Өзбекстаннан бір, Грузиядан бір, Ұлыбританиядан бір азамат келіп ем алған.

– Сұхбатыңызға көп рахмет!

Сұхбаттасқан Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы», Суреттерді түсірген Н.НҰРЖАУБАЙ

718 маман біліктілігін арттырды. Аймақта медицина қызметкерлерінің біліктілігін көтеруге ерекше көңіл бөлінуде. Былтыр жергілікті бюджеттен тиісті қаржы қаралып, 41 маман Германия, Ресей, Литва және Беларусь мемлекеттерінде болды. Биыл тағы 20 маман жоспарланып, жіберіледі.

– Кейінгі кезде медицина қызметкерлеріне күші көрсету жүйелі кетті. Осы орайда мамандардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қандай шаралар қабылданып жатыр?

– Иә, өкінішке қарай науқастар тарапынан әріптестерімізге күш көрсету деректері жиілеп кеткені алаңдатқаны рас. Осыған орай елімізде медицина қызметкерлеріне шабуыл жасағаны үшін жаза күшейтілгенін атап өту қажет. Денсаулық сақтау министрлігі «Қазақтелекоммен» бірлесіп бірнеше жоба әзірлеп, жұмыс істеп жатыр. Бүгінде денсаулық сақтау ұйымдарының қабылдау бөлімінде бейне-камералар орнатылды. Ол полиция департаментіне қосылған. Пациент қандай да бір агрессия байқатып, дереклік көрсетсе полиция департаментіне сигнал түседі. Одан бөлек жедел жәрдем станцияларында бригада мүшелеріне бейнежетон берілді. Осындай шаралар жүзеге асырылуда.

– Аймақта жоғары мамандандырылған медициналық көмектің деңгейі қандай?

– Былтыр өңір медицинасы үшін нәтижелі әрі серпінді жыл болды. Жыл көлемінде 142 жоғары технологиялық медициналық көмек көрсетіліп, облыс тарихында алғаш рет бауыр трансплантациясы сәтті жүзеге асырылды. Сонымен қатар, 10 науқасқа бүйрек трансплантациясы жасалып, азаматтардың өмір сапасын жақсартуға бағытталған маңызды қамдамдар атқарылды. Медицина саласындағы жанаушылықтарды дамыту мақсатында 6 жана ота түрі тәжірибеге енгізіліп, білікті мамандардың қатысуымен 8 мастер-класс ұйымдастырылды. Жоғары мамандандырылған көмектің қолжетімділігі артып, ашық жүрекке 119 ота жасалды. Сондай-ақ 197 науқасқа аритмологиялық операция жүргізіліп, тұрғындардың денсаулығын қалпына келтіруге мүмкіндік туды. Бұдан бөлек, жамбас буынына 165 және 251 тізе буынына эндопротездеу отасы сәтті орындалды. Заманауи медициналық технологияларды кеңінен қолдану арқылы жыл сайын 800-ге жуық онкологиялық жоғары мамандандырылған емдік-диагностикалық көмек көрсетіліп, халықаралық стандарттарға сай бейнеқолдаумен жүргізілетін торакокопиялық, лапароскопиялық, реконструктивті пластикалық, озық хирургиялық оталар жасалуда.

Жоғары технологиялық әдістер онкологиялық ауруларды ерте анықтап, тиімді ем жүргізуге және науқастардың өмір сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Онан бөлек, облыста медициналық авиация бойынша көмек санитарлық автокөлік, 2 ұшақ және 1 тікұшақ арқылы тәулік бойы үздіксіз ұйымдастырылып келеді. Осының арқасында 185 науқасқа шұғыл ота жасалып, 231 науқасқа білікті дәрігерлік кеңес берілді. Сонымен қатар, 261 науқас облыс орталығындағы үшінші деңгейлі медициналық ұйымдарға тасымалданып, мамандандырылған медициналық көмек алды.

Шалғай елді мекен тұрғындарының сапалы медициналық қызметке қолжетімділігін арттыру үшін 6 жыл-жымалы медициналық кешеннің жұмысы ұйымдастырылды. Кешендер арқылы бір жылда 140 мыңнан астам ауыл халқына диагностикалық және зертханалық қызметтер көрсетіп, білікті мамандардың кеңесін алуға мүмкіндік берді. Одан бөлек, халық денсаулығын нығайту және әлеуметтік маңызы бар аурулардың алдын алу бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасуда.

2023 жылдан бері «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының қолдауымен пайдалануға берілген заманауи жыл-жымалы медициналық кешен арқылы шалғай ауыл тұрғындарына онкологиялық скрининг жүргізілуде. Жыл сайын 4 мыңға жуық ауыл тұрғынына диагностикалық тексерулер жүргізіліп, онколог маман кеңесі беріледі. Аталған кешеннің іске қосылуы онкологиялық ауруларды ерте анықтауға, тұрғындарды сапалы диагностикалық қызметпен қамтуға және мамандандырылған медициналық көмектің қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

– Медициналық туризмді дамыту деп жатамыз, өзге облыстан, яғни сырттан келіп емделушілер бар ма?

– Бар. Онкологиялық аурулар бойынша сырттан келіп емделушілер баршылық. Өйткені онкология орталығында операцияны жақсы жасайтын білікті дәрігерлер бар. Мысалы, онкология ауруханасының бас дәрігері Дмитрий Валерьевич Хегай тәжірибелі дәрігер, онкологияда ашпай лапароскопиялық ота жасауды меңгерген мықты маман. Көпбейінді облыстық ауруханада бауыр, бүйрек ауыстыру оталарын жасап жатқанның кейін өзге өңірлерден келіп ота жасатып, емделушілер көп. Биылдың өзінде 17 шет ел азаматы ем алды. Атап айтсақ, Ресейден 14, Өзбекстаннан бір, Грузиядан бір, Ұлыбританиядан бір азамат келіп ем алған.

– Сұхбатыңызға көп рахмет!

Сұхбаттасқан Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы», Суреттерді түсірген Н.НҰРЖАУБАЙ

Бірде Назерке екеуі «Құс ұясы» аталатын жердегі күріштікке бара жатып, әңгіме өнер тақырыбына ойысты. Қасымхан әйгілі «Гауһартас» әні жайлы сөз бастаған: «Гауһартас» найман руынан шыққан Бахтияр деген байдың қызы Мақпалға арналған екен. Мақпал өте көрікті болған сынайды... Сегізсері (шын есімі Мұхаммед-Ханапия) мен Мақпал бір-бірін ұнатады. Жігіт қызды асыл тас-гауһарға тенеген:

Ажарың ашық екен атқан таңдай  
Нұрлы екен екі көзің жаққан  
шамдай.  
Ананан сізді тапқан айналайын,  
Күлім көз, оймақ ауыз, жазық маңдай.  
«Беу-беу Гауһартас  
Құсін құрлас, Раушан.  
Жүзінді көргенде-ай,  
Сәулем-ау,  
Сабырым қалмас.

Құсін, Раушан дегені Мақпалдың құрбылары... Бірде қоканның Жабы деген қарақшысы Бахтияр байдың жылқыларын барымталап, Мақпалды, Құсін, Раушанмен қоса тағы да 16 қызды басып алып кетеді. Мұны естіген Сегізсері өзінің достарымен бірге қарақшыларды қуады. Оларға жетіп, қарақшыларымен қоса Жабыны өлтіреді. Қыздарды босатып, жылқыларды кейін қайтарып жатқанда ауыр жаракаттанып тірі қалған қарақшы топ қыздарға қарай бірнеше жебе тартады. Жебенің бірі Мақпалға тиеді. Сегізсері Мақпалды ауылына жеткізеді. Бірақ, қыз садақ оғының жаракатына көз жұмыпты. Мақпал қыз Жезқазған мен Қызылорда шекарасындағы «Айнакөл» деген жерге жерленген» дейді...

Айтпақшы, біздің №3 бригаданың егін алқаптарына жақын жерде Мақпал деген көл бар...

Қасымханның мына әңгімесі Назеркеге қатты әсер етті білем, көпке дейін басын төмен салып үнсіз отырады да: «Сегізсері жігіттің төресі екен ғой, ал сол Сегізсері кім болды екен?» деп сұрақ тастаған. Қасымхан іле былайша жауап қатты: «Сегізсерінің азан шақырып қойған есімі – Мұхаммед-Ханапия. Ол ата-анасынан ерте айырылып, атасы Шақшақтың тәрбиесінде болады. Жастайынан ақын, әнші бала атанады. Ауылдағы медреседе оқып, арабша білім алған оны Қызылжардағы орыс-қазақ мектебіне береді.

Бұл мектепті өте жақсыға бітірген Сегізсеріні Шақшақ НОмбыдағы әскери училищеге түсіреді. Әскери училищені де үздік бітірген орыс армиясының жас офицери генерал-губернатор Горчаковтың қарамағына қызмет етуге жіберіледі... Жазалаушы отрядтың құрамына енген Мұхаммед-Ханапия (Сегізсері) өз халқына қарсы оқ атудан бас тартады. Патша үкіметінің отарлау саясатына қарсы шығады. Енді оны Ресей билігі арадағы келіссөз бен бітімгершілікке пайдаланғысы келеді. Бұл міндетті де қаламаған ол ақыр соңында сезікті ретінде аңдуға түседі. Басына қауіп төнеді. Амалсыздан қашып, досы Нияз екеуі Батыс Қазақстанға барып бой тасалайды. Осында Истағай-Махамбет бастаған ұлт азаттық көтерілісіне қатысады. Көтеріліс жеңіліс тапқанын Кавказға кетеді. Бұл кезеңде Шамиль бастаған шешендер мен дағынстандықтардың Ресей империясына қарсы күресі басталған екен. Осында ол әскер басқарды. Білімді офицердің көмегі аз болмайды...».

– Неге Сегізсері атанған, – деген Назеркені сұрағанына Қасымхан:

– Қазақтың «сегіз қырлы, бір сырлы жігіт» дегеніне сәйкес келіп тұр емес пе?! Оны айтсаң Сегізсері – «Қыз Жібектің», «Айман-Шолпанның», «Ер Тарғынның», «Қамбар батырдың», мазмұнын ел аузынан естіп алып, жыр тіліндегі керемет, көркем кінисаларға айналдырған.

«Қозы-Көреш-Баян сұлудың» екі нұсқасын шығарған. Алайда бұларын өзгелер пайдаланып кеткен, – дейді. «Қашқың» атанып, қуғын-сүргінде жүргенін жұрт шығармаларын Сегізсерінікі деп айтуға қорыққан. Зерттеушілердің жазуына, Сегізсері осында, Сыр бойына келіп те бой тасалаған. Әңгіменің осы тұсына келгенде олар «Құс ұясында» жетіп тұтқанын...

Қызылқұмның қиясындағы бір қойлы ауылда дүниеге келді. Әкесі кеңшардың әйгілі шопаны, анасы көмекшісі саналатын. Назерке кеңшар отарлығындағы қойшылардың балалары оқитын мектептің интернатта жатты. Орта мектепті бітіріп, қолдарына аттестат алған 18 баланың 7-уі шопан таяғын ұстап, шаруашылыққа қалатын болған. Сол жеті баланың бірі Әлтай соңғы қонжыраудан кейін мұны күтіп тұрып: – Мен сені тоғызғышыда оқып жүргеннен бері жақсы көретінім, – деп қарап тұр. Әншейін айта салған қалжыны шығар деген ойда болып:

– Сен не айтып кеттің, қайдағы жақсы көрген? – деді де Назерке теріс айналып жүре берді. Сол Әлтай мектеп бітіру кешіне де келе алмап еді... Көп ұзамай Назеркені әпкесі Алматыға оқуға алып кетті. Қасында сыныптақ құрбысы Батима бар болатын.

Агрофактегі курстарының ішінде де сөз салғандар болған, бірақ оқудан бас алмаған қыз ешкімге көңіл болмады. Тек соңғы сәтте Дәуірді қия алмағаны шындық...

Кешке отырып Дәуірге хат жазды. Сыр бойындағы бір кеңшарда дипломдық тәжірибеден өтіп жүргенін, бұл жерде күріштің «Ақ маржан» сұрылымын тұқымдық үшін қалай дайындалатынын көріп, Қасымхан және Мәжит деген агрономдардан біраз үйреніп жатқанын баяндаған. Мұнда әлі бір айдан астам уақыт болатынын, қарашаның ортасына таяу Алматыға оралатынын айтқан...

Күрішті ору мен бастыру жұмыстары толық аяқталып, енді қырмандағы астық тазалау жұмыстарына бірыңғай кірісіп жатқан күндердің бірі болатын. ЗАВ-40 деген биік қондырғының жоғарғы жағынан түзе бергенде аяғы басқыншан тайып кетіп, Назерке төмен қарай құлап бара жатты. Әрі қарай есіңе жоқ. Көзін ашқанда ауруханада жатқанын білді, қасында Ажар тәтесі мен Қасымхан отыр. Естігені, миы шайқалған, қолы мен аяғында да жаракаттары бар екен, бірақ сүйектері аман дейді.

– Бір аптада айығып кетесің, – дейді Ажар тәтесі.

– Азды күнгі бейнетін ғой, ақыры қайыр болар, дәрігерлердің айтқанын істеп, көп қозғалмас, тез жазыласың. Бұл бас агрономның жұбатқаны.

Үш күн өткен соң, түс әлетінде анасы Айнагүл жеткен. Жылап кірген ана қызының тұрып отырғанын көріп, қуанып кетті. Аллаға шүкіршілік айтты да, құшағын соза берді...

– Несіне әуре болдыңыз, апа, – деп



ет ашық дереккөзінен

# Қызылқұмның Қызы

Хикаят

Назерке айналып-толғанған шешесіне еркелей қарады.

Қасымхан болған жағдайды Қызылқұмдағы кеңшардың директорына телефон арқылы хабарлаған. Директор бас зоотехник Кәрімге айтқан. Бас зоотехник өзінің қызметтік көлігін Айнагүл анаға беріп, қызын көзбен көріп қайтуға мүмкіндік жасаған.

– Айналайын, мың болғыр азамат ғой Кәрім, ол болмаса келу қайда, – деп шешесі бас зоотехникке ризашылығын білдіріп те отыр.

– Әкемің денсаулығы қалай, орталыққа келетін ойларың бар ма, әлде сол бір қияда қой соңында жүре бересіңдер ме?

– Келер жылы екеуіміз де зейнеткерлікке шығамыз, сосын орталыққа келмей қайда кетеміз, қойдан зиян көргеніміз жоқ. Айнагүл ана қасына келіп айтқан сөзімен білдіріп те қалды. Асыл алып келген бір қойдың еті мен семіз жылқының тұтас бір қазысынан ауруханадағылар түгел ауыз тиген. Емдеуші дәрігер Жаксылық Назеркенің анасына еш алаңдамауын, енді 5-6 күнде қызының құлан-таза айығып шығатынын айтты сендірді.

Бірауық отырғасын Айнагүл ана қайтуға қамданды.

– Жол қашық, жарық көзінде елге жетуім керек. Еңкейіп қызының бетінен сүйді.

Осы мезетте палатаның есігі ашылып, ақ матаға оралған үлкен тегешті көтеріп, Қасымхан кіріп келе жатты. Сәлемдескен соң, Айнагүл ана бұл кім дегендей жас жігітке антарыла қаралы.

– Апа, Қасымхан мен тәжірибеден өтіп жатқан кеңшардың бас агрономы. Осында өзі әкеліп салған, күнде хал-жағдайымыз біліп тұрады, – деді Назерке.

– Көп жаса, балам, жолына Алланың нұры жаусын, өркенің өссін?!

– Менің де сіздей анам бар, сол кісі дайындап берген мына астан ауыз тиіп кетіңіз.

Тегештің орауын ашқанда, жылқының сүр өтелің жағымды іісі мұрын жарды. Бір бөлек еттің шетінен үзіп аузына салды да: – Айналайын рахмет, екеуің асықпай отырыңдар, – деп есікке қарай беттеді. Қасымхан ере шыққан. Су жаңа жеңіл «УАЗИК» дайын тұр екен, жылжып жүре берді. «Өзі бір сип-сынық, инабатты бала екен, менің Назеркеме осындай жар кездессе ғой...» Бұл жолға шыға бергендегі Айнагүл ананың алғашқы ойы еді...

Ресейдің «Н» қалыңындағы авиациялық-әскери бөлімге Қазақстаннан хат келіп жатқанына да үш күн болған. Хатты алуға тиісті адам бұдан бір апта бұрын Ауғанстанға шұғыл ұшқан. Ол зауыттан енді ғана шыққан әскери тікұшақпен кеткен еді. Майор Иванов Дәуірге келген бұл хатты амалсыз ашты. Ауғанстанда соғыс, соғысқа кеткен адамның тағдыры ектіалай ғой деген ой келген. Қазақ тілінде жазылған хатты түсінбей, тіл білетін жанды іздегіріп жүріп, әзер дегенде тапқан. Ол да қазақ емес, қырғыз жігіті болатын. Хаттың мазмұнына қаныққан майор, Дәуірдің Ауған жеріне интернационалдық борышын өтеуге аттанғаны туралы қысқа хабарлама жолдаған.

– Мана ертеңгісін ауыл пошташысы штабқа әкеліңгі, – деп Қасымхан әскери бөлімнен келген хабарламаны Назеркеге берген. Тілдей қағаздағы сөздер қызға жықсауыда тиді. Ақпарат құралдарынан біліп отырғандай, Ауғанстанда соғыс жүріп жатыр. – Сонда ол соғыста ғой... Қағаз қолынан сусып түсті. «Сенен басқа ешкімім жоқ» деп еді байғұс. Назеркенің қос жанарының кермек жас тұмшалап бара жатты...

\*\*\*

Біршама тәуірленгенін Назерке ауруханадан шықты. Тәжірибе күндерінің

бітуіне әлі де он күндік уақыт бар болғанымен мұндағылар студенттің институтқа тапсырғаны қағаздарын дайындап қойыпты. Қолына қаражат беріп, үйіне барып аз күн демалуына жағдай жасағысы келген. Шаруашылық директорынан бастап, өзі бауыр басып кеткен Ажар тәтесі, тұқым жөніндегі агроном Мәжит ағасы, қырман меңгерушісі, лаборанттар бәрі-бәрі Назеркемен қимай қоштасты. Қоштаспап тұрған Қасымхан еді. Сөйтсе, оның да жөні бар екен. Директор Қасымханға өзінің көлігін беріп, Назеркені ауылына жеткізіп, ата-анасының қолына табыстап қайтуды тапсырған. Шофер «Уазиктің» екі жақ бағын толтырып, май құйып алғасын, бұлар жолға шықты. Токтамай жүріп отырып, түс әлетінде Қызылқұмның бір шетіндегі кеңшар орталығына жетті. Бұл Назеркенің туған ауылы еді. Жолаушылар ауылдық кеңестің төрағасына жолықты. Ол кісі мән-жайды білгенін, №1 кол фермасына алдаспай жетуі үшін жолбасшы қосты.

– «Білмеген жердің ой-шұқыры көп» деген мына Санат аясыз түнде Қызылқұмның ұнғыл-шұңғылына алдаспай аппарат жерк жігіт, – деп шақыртумен келген жолбасшыны тапсырды. Күн екіңтіден ауғанда бұлар қыстауға енді көшіп келіп отырған шопандар фермасының үстінен түсті. Келіп тоқтаған машина дауысын естіп, Назеркенің әке-шешесі далаға жүгіре шыққан. Қыз әуелі әкесінің құшағына кірді, онан соң анасының бауырсына тығылды... Жеңіл шөй ішіп, қайта жолға шығамыз деген қонақтары үй иелері жібере қоймады. Көріш шопандар бірінен соң бірі қызымен көзіміз болып жатқан Дулат пен Айнагүлдің отбасына ағылған. Ең-сәтте дастарқан басы мәрәсәре болды. Жерошақта қонақтардың сыйбағалары қайнап жатты. «Алтын сұр» деп аталатын қарақол елтірісін дайындайтын бұл ферманалық қашанда мерей үстем еді. Шопандардың тегіс ауқатты, тұрмыстарының жақсы екенін Қасымхан әңгімелерінен сезген. Аузыбірліктері мол, оның үстіне өнерлі екен. Домбыра тартып, жыр жырлап, ән айтқанда бірінен-бірі қалыспайды.

– Қызыма бас-көз болыпсың, оның үстіне сонау Сыр бойынан әкеліп-салып барасың, өмір жасың ұзақ, қашанда талабың о болсын, балам, – деп кетерде карт шопан Дулат Қасымханға ақ батасын берді. – Мен бастықтың тапсырмасын ғана орындадым, әке, – деп жігіт кішірейіп жатты.

– Мына үлкен қаптағы қойдың етін қырмандағы штабына апарасың бұл директорың және Назеркеге бірі аға, бірі тәте болған Мәжит ағасы мен Ажар тәтесінің сыйбағасы. Ал мынау өзіңнің анана, бір қажетіне жарар «алтын сұрдың» елтірілері ғой. Адамдардың соның ала шыққан Назерке бұлардың қасына келіп: «Рахмет, жігіттер» деп әуелі шоферге, сосын Қасымханға қолын берген. Қызын жұп-жұмсақ алақанын Қасымхан бір сәт босатқысы келмей ұстапқырап қалды...

\*\*\*

Қасымхандарды аттандырып салған соң, көріш-қолан үйлеріне таралды. Назерке әке-шешесімен асықпай отырып шөй ішті. – Өзі бір оп-онды бала. Ана жолы ауруханаға барғанымда да байқап едім. Бүгін де отырыс-тырысы мен сөйлеген сөзін ала алдым. Бонынан қарапайымдылық та, бекзаттығы да көрініп тұрған жоқ па? – деп сұраулы пішінде сөз бастады Айнагүл ана.

– Иә, дұрыс айтып отырсың бәйбіше, мен де сездім. Риза болғаным сонша, осындай балам болса ғой деп ойлады. Әкесі күрсінгендей болды...

– Ол агрофақты үздік дипломмен бітірген. Кезінде институтқа оқитұшы

етіп алып қаламыз дегенде: «ауылда анам жалғыз, елге қайтуым керек» деп ұсынысты қабылдамаған.

– Бұрыннан танысыңдар ма, сонда? Анасының сұрағы жарқын шықты.

– Мен бірінші курсты аяқтағанда, ол бітіріп кетті.

Таңырқағандай кейіппен қызына антарыла қараған анасының аз-кем әжім басқан аққуба жүзіне қан ойнап, қос жанары нұрланып бара жатты. Мұны қызы байқады.

– Әкесі сыр бермеді, бірақ кемпіріне қарап иек қакқандай еді. Ертесіне отағасы қой жаоға кеткенде анасы мен қызы сырласқан. Енді ештенені бүгіп қалудың жөні жоқ болатын. Дәуір туралы айта бастағаннан Айнагүл алаңжарлы күй кешкен. Алдағы күндерге көзін жеткізе алмаған... Ата-анасының жанында оншақты күн болып, Назерке оқуына қайтты. Дәуірден екі хат келіп жатыр екен. Біреуін сол ертерек, ал екіншісін Ауған жеріне кетіп бара жатып салған. Бірінші хатты сағынышқа толы болса, екіншісі мұңдылау, сосын турасына көшітті: «Қашан ораларым белгісіз, тірі қайтсам қалайда саған, Алматыға соғамын» депті. Не дегенмен орысша тәрбиеленген, оның үстіне әскери адам ғой.

Арада бірнеше ай өтті. Қыз кетіп, көктем келді. Дәуірден хабар-ошар болған жоқ. Оның есесіне Қасымханнан хат келді. Кеңшар директорының ауданға ауысып кеткенін, өзінің қазір директорының міндетін қосып атқарып жатқанын жазған. 700 гектар ескі жоңышқаны тырмалап, 400 гектар жерге жаңа жоңышқа, 100 гектар жерге жүгері сіңіргенін, енді күріш егуге кіріскелі жатқанын айтты.

\*\*\*

Аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Амандық Байдүйсенов 1-мамыр мерекесін өткізгесін, ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысын кабинетіне шақыртқан. Осы ауданға келмес бұрын да облыстың бірнеше аудандарында басшылық қызмет атқарған тәжірибелі хатшы кадр мәселесіне байланып қарайтын. Тиісті қызметкер жайлы егжей-тегжейлі білуге тырысатын. Сала басшыларының да пікірін ескеретін.

\*\*\*

Дипломымен қоса жолдамасын алып, енді қайтамын деп қамданып жатқанда, бір топ курстас қыздары мұның болмесіне кірген. Назарлары пәс, бірдене айтқысы келгендей сыңайлары бар екенін сезгесін: – Сендерге не болған? – деп сұраған. Олар жауап қата алмады. Сөйтсе біреуінің қолында тілдей қағаз бар екен. Оқыс жулып алып, көз жүгірткенде: «Сізге әскери-сынаушы ұшқыш, аға лейтенант Дәуір Жандосовтың жауынгерлік тапсырманы орындау кезінде ерлікпен қаза тапқанын хабарлаймыз. Майор Иванов» деген жазуды оқыды. Оқыды да бүк түсіп отырып қалды. Жылағысы келген, бірақ жылай алмады, әлдебір күш оған жібермеді...

\*\*\*

Назерке Дәуірдің Ресейдегі бұрынғы мекен-жайына хат жолдап, ол туралы хабар беруді өтінген. Бірақ ол жатқан жауап келе қоймаған. «Тірі болсам, саған Алматыға соғамын» деп еді, бұл пәнде жоқ шығар, әйтпесе...

Дипломымен қоса жолдамасын алып, енді қайтамын деп қамданып жатқанда, бір топ курстас қыздары мұның болмесіне кірген. Назарлары пәс, бірдене айтқысы келгендей сыңайлары бар екенін сезгесін: – Сендерге не болған? – деп сұраған. Олар жауап қата алмады. Сөйтсе біреуінің қолында тілдей қағаз бар екен. Оқыс жулып алып, көз жүгірткенде: «Сізге әскери-сынаушы ұшқыш, аға лейтенант Дәуір Жандосовтың жауынгерлік тапсырманы орындау кезінде ерлікпен қаза тапқанын хабарлаймыз. Майор Иванов» деген жазуды оқыды. Оқыды да бүк түсіп отырып қалды. Жылағысы келген, бірақ жылай алмады, әлдебір күш оған жібермеді...

\*\*\*

Тау шатқалдарының біріндегі дұшпандардың әскери базасын жойып, өртеп жіберу жөнінде тапсырма алған Дәуір берілген координат бойынша сол «объектіге» жақындап келе жатты. Міне, ол анық көрінді. Зымырап барып, оқ себетін тұтқаны басып-басып жіберген. Тұтқиылдан тап болып, оқ пен оттың ортасында қалған жау жағы қарсылық әрекет жасай алмады. Түгел жойғылып кеткен. Тапсырманы сәтті орындаған Дәуір өз жағнына аман-сау келіп қонған. 4-5 күннен соң жаудың тағы бір әскери базасы мен мекені анықталған. Қарулы жасақтардың саны аз емес екендігі де айқындалды.

Дәуірге жау жатағын көктем атқылап, жау әскерге жол ашу тапсырылған. Бұл кезде қарсыластардың да шабуылы дайындалып жатқаны белгілі болған еді. Барлаушылардың айтуына олар қорғаныс шаралары да біраз күшейтіп, екі машинаға тікұшақ атағын қондырғылар орнатыпты. Әскери кеңесте әуеден берілетін алғашқы сокқыдан соң, түсті орында күні бұрын жасырынып жатқан біздің отряд шабуылына шығып, жау жағын тізе бүктіру, мүмкін болса «тіл» әкелу жоспарланған. Дәуірдің атқылауынан аман қалған жаумен қолма-қол шайқасудың сәтті шығуы тікұшақтың «операцияның» сәтті орындауына байланысты болатыны сөзсіз еді. Енді уақыт белгілеу қажет. Кеңесте ұсыныс екіге жайрылды. Бір жағы тан алды десе, екінші жағы кешкі тамалқа отыратын қызыл іңірді қалады. Ақырында таң алды таңдалды. Бір взвод жауынгер жер бауырып жау жатағына жақындай бергенде, көктем шабуыл басталады деп келісілді. Дәуір тан біліне тез көкпе көтерілді де белгіленген жерге қарай зымырады. Білік бір шатқалдан асып, келесі шатқалдың ортасындағы жау жатағының нақ төбесінен түсті де отты оқтарды себелеп жіберді. Шатырлары жана бастаған, қайсыбірі тұра алмай жан тапсырған жауға біздің жауынгерлер «уралап» лап қойды. Қоян-қолтық шайқас көпке бармады. Жау мәнді қарсылық көрсете алмай өлгендері өліп, төрт-бесуі тірлей қолға түсті. Тек екі ашық бортты «тойота» қашып бара жатты. Мұны қайта орылып келген Дәуір байқап қалып, біреуін қуып жүріп атып, жоқ қылды. Екіншісі қуысқа жылып үлгірген. Тұтқандардан білгені-құтылып кеткендер дұшпанның «тактық» командирі мен әскери кеңесшісі екен. Қашып құтылып, тығылып үлгірген екеуі көкте пайда болған «тажалды» қалайда құрту керек деп ойласқан. Бірақ қашан, қалай құртады? Оқ өтпейтін тікұшақты атып түсіре алалды-ау деген қару іздегірілді. Ондай қаруды тапты. Көктегі «Тажалды» қай жерінен ату керек. Осал жері қайсы? Шетелдік әскери кеңесші паректерін нысаналау қажет деп шешті. Олар сақалдай сайланып, өздері «қара ақула» деп атап кеткен тікұшақты оңтайлы жерде күтіп жатты. Бар тілегі – көзге түспесе болды, көзге түсе қалса ол бұларды алыстан атып-ақ өртеп жіберер еді. Арада екі апта өткенде жаңа тапсырмамен ұшқан Дәуір дұшпандардың тасала жатып тікұшақтың артқы парегін атып зақымдап, үлкен паректі жартылай қираттынын білген жоқ. Бұл қайғылы оқиғаға ол тағы бір әскери базаны көктем бақылап, кейін орала бергенде тап болып еді. Паректерге тігген оқтардан, тікұшақ төнелсіп кетті. Дәуір қалайда жау қолына түспес үшін барынша алыстап, таудың келесі бетіне өтуге әрекеттенді. Міне, бір ойнатпау тегістікке жете бергенде тікұшақ отқа оранып, төмен қарай шырқобелек айналып құлап бара жатты. Жан дәрменмен секіріп кеткен...

Жамбас сүйегінің қирап, бір аяғы тізеден төмен сынған ұшқышты ес-түссіз, өлім аузында жатқан жерінен қолдарын жайып жүрген бір өзбек шал үстінен түсіп, үш ай бойы емдейтінін, сосын екі жыл таустастың арасында «ақсақ-мылқау» атанып, Дәуірдің өзбек шалдың қойын бағатынын кім білген?

Темірбек ЕСЖАНОВ

(Басы өткен сәндә. Жалғасы бар)

/// БӘРЕКЕЛДІ!

## ЖЕРЛЕСІМІЗ – «ҮЗДІК АУЫЛ МЕЙІРГЕРІ»

Медицина қызметкерлері күні қарсаңында өткен «Өз кәсібін үздігі – 2026» республикалық байқауында жерлесіміз Гүлжан Жүсіпбаева «Үздік ауыл мейіргері» атанып, жеңіске жетті.

Гүлжан Мұзарапшанқызы – Сырдария ауданы Н.Илиясов ауылындағы Нағи Илиясов дәрігерлік амбулаториясының жалпы тәжірибелік мейіргері, 37 жылдан астам ауыл тұрғындарының саулығын қорғау жолында абыройлы еңбек етіп келеді.

Ол 8-сыныптан соң Жезқазған қаласындағы медициналық училищеге оқуға түсті. 1990 жылы оқу орнын «Жалпы тәжірибелік мейірикесі» мамандығы бойынша ойдағыдай бітіріп, диплом алды. Сол жылдың тамыз айынан еңбек жолын Жезқазғандағы «Малыш» балалар ішек санаториясында бастады. 1991 жылы Терөзек ауданындағы стоматология кабинетінің мейірикесі болып жұмыс істеді. 1992 жылдан бері Н.Илиясов дәрігерлік амбулаториясында қызмет атқарып келеді. Өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын, кәсібіне адал, ақ жарқын, жүзінен мейірім төгілген, жан-жағынан көмегін аямайтын көпшілі жанды ауылдастары да құрметтейді.

Ол өзінің негізгі міндетінен бөлек, қоғамдық жұмыстарға да белсене қатысады. Тұрғындар саулығын қорғау жолындағы үздіксіз еңбегі лайықты бағаланып келеді. Мәселен, аргысын айтпағанда, 2023 жылы ауыл әкімінің Алғыс хатын алса, 2024 жылы республикалық «Үздік медицина қызметкері» байқауына қатысып, I дәрежелі дипломмен марапатталды.

Үнемі ізденіс үстінде жүретін ол «Кәсіби емдік массаж» біліктілік артыру курсынан өтіп, қазіргі кезде балаларға массаж жасайды.

Көпжылдық тәжірибесі мен жоғары кәсібилігінің арқасында Гүлжан ауыл медицинасының дамуына елеулі үлес қосып, тұрғындар арасында медициналық сауаттылықты арттыруға, аурудың алдын алу жұмыстарын тиімді ұйымдастыруға және сапалы патронаждық қызмет көрсетуді жолға қоюға еңбек сіңірді.



Жас мамандарға тәлімгерлік жасап, өз тәжірибесі мен білімін бөлісу арқылы орта буын медицина қызметкерлерінің кәсіби деңгейін арттыруға үлес қосуда. Өз ісіне адалдығы, жауапкершілігі мен кәсіби шеберлігі арқылы әріптестерінің құрметіне, ауылдастарының зор сеніміне ие болған Гүлжан Жүсіпбаеваның бұл марапаты ұзақ жылғы қажырлы еңбегінің лайықты бағасы деп білеміз.

Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»



## ҮКІЛІСАЙ «ІШІМДІКСІЗ АУЫЛ» АТАНДЫ

Қоғамдағы тәртіп пен қауіпсіздік – ел дамуының басты көпірі. Кейінгі жылдары құқықбұзушылықтардың алдын алу бағытында қолға алынған маңызды бастамалардың бірі – «Ішімдіксіз ауыл» жобасы. Бұл тұрғындардың салауатты өмір салтын ұстануына ықпал етіп қана қоймай, қоғамдық тәртіпті нығайтуға, қылмыстың төмендеуіне және ауылдағы береке-бірліктің артуына жол ашуда.

Сыр өңірінде құқықбұзушылықтардың алдын алу, тұрғындардың қауіпсіз өмір сүруін қамтамасыз ету және мемлекеттік органдарға деген сенімді арттыру мақсатында «Заң мен Тәртіп» қағидаты аясында «Ішімдіксіз ауыл» жедел-профилактикалық іс-шарасы жүзеге асырылуда. Арал ауданындағы он ауыл «Ішімдіксіз ауыл» атанды. Солардың қатарында Үкілісай да бар. Бұл – ауыл тұрғындарының қоғамдық тәртіпті сақтауға, жастарды теріс әдеттерден қорғауға және салауатты өмір салтын қалыптастыруға деген ортақ ұмтылысының айқын көрінісі.

Бастама аясында Арал аудандық полиция бөлімі бастығының міндетін атқарушы, полиция майоры Бектөре Құдайберген мен аудан прокуроры Рамазан Жаңаев Үкілісай ауылының тұрғындарымен кездесті. Басқосуда құқықбұзушылықтардың алдын алу мәселелері кеңінен талқыланып, қылмыстың қоғамға тигізетін кері әсері мен оның алдын алу жолдары жан-жақты түсіндірілді. Кездесуде ауыл тұрғындары да белсенділік танытып, пікірлерін ортаға салды. Әр буын өкілдері бұл бастаманы толық қолдайтындарын жеткізіп, қоғамдық тәртіпті сақтауға атсалысуға дайын екендерін білдірді.

Шын мәнінде, ішімдіктен бас тарту – тек бір ауылдың таңдауы емес, болашақ ұрпақтың амандығы үшін жасалған маңызды қадам. Өйткені тәртіп орнаған жерде тыныштық, ал тыныштық бар жерде тұрақты даму мен берекелі өмір болады. Сондықтан «Ішімдіксіз ауыл» бастамасы қоғамдағы қауіпсіздік пен жауапкершілік мәдениетін қалыптастыруға бағытталған игі бастама ретінде жалғасын таба бермек.

«СБ» ақпарат

## ЖАН ЖЫЛУЫН ТАРАТҚАН

Қазіргі ұшқыр заманда күнделікті күйбең тірліктің қармағына ілінбеген адам жоқтың қасы десе де болатын шығар. Түрлі мекеме қызметкерлері, кәсіпорын жұмысшылары мен өз кәсібін дөңгеленткен әрбір адам таңның атысымен жалпай жұмыс орындарына асығатыны сөзсіз. Оларды былай қойғанда, үйдегі зейнеткерлер, біз де қарап отырғымыз келмей, мүмкіндігінше отбасымызға үй шаруасында аз да болса көмектесуге тырысамыз. Бірақ, өз шама-шарқымызды ескермегендіктен бе, әлде жас ұлғайғандықтан ба, соңғы кезде денсаулық сыр беретін болып жүр.



Жақын арада аяқастынан бастың ауыруына балтырдың сыздауы қосылып мазаны қатты ала бастаған соң, балам жедел жәрдем шақырып, көпбейінді облыстық аурухананың эндокринология бөлімшесіне жатқызды.

Көп уақыт өтпей палатаға өзін Елена Павловнаны деп таныстырған дәрігер келіп, жағдайымды егжей-тегжейлі толық сұрап білген соң, қажетті медициналық сараптамалар жасалғаннан кейін арнайы ем-шаралар басталатынын айтты. Түрлі анализдер алынған соң мейіргер қыздар бірден аспа дәрі салуды бастады. Ем-шара барысында мейіргер қыздарым қайта-қайта келіп, жағдайымды біліп, ерекше ықылас білдірді. Келесі күні таңертең науқастарды аралау кезінде емдеуші дәрігерім жағдайымды, тағы не мазалайтынын сұрап алған соң, организмді қосымша тексерулерден өткізу қажет екенін ескертті. Таңертеңгі ем-шаралардан кейін, мейіргер қыздарым бірнеше күн бойы түрлі салалық мамандарға апарып арнайы тексерулерден өткізді. Содан соң ем-шаралар тіпті көбейді, дәрігерім Елена Павловна күн сайын, кейде 2 мезгіл соғып, күлімсіреп отырып емнің қалай әсер етіп жатқанын біліп отырды. Кәсіби маманның және мейіргер қыздарымның тынбай жасаған ем-домының арқасында 4-5 күннен кейін өзімді бұрынғыдан жақсы сезіне басталдым.

Емделу барысында басқа емделушілермен сөйлесіп, бөлімшедегі ахуалға назар аудардым. Сондағы байқағаным: бұл бөлімше негізінен кант диабетімен ауыратын науқастарды, одан бөлек ағзадағы және қандағы төтенше өзгерістері бар, түрлі дәрежеде уланған науқастарды

емдейді екен. Менімен бірге 4-палатада жатқан кант диабетімен ауырып жүрген қызылордалық Айбол Кеңтанов, кейін оның орнына келген, киналып түскен Сахи Көшеров деген жігіттер, 1-палатадағы жағдайы ауырлау болып түскен Мұрат Әнуарбекұлы, 5-палатадағы Ишанқұл Бекмырзаева мен қаракеткендік Ажар Үргенішбаева, түскеніне 3 күн болған 10-палатадағы Евгения Серебрякова, тағы да басқа облысымыздың әр тарапынан келіп еме қабылдап жатқан кісілердің басым көпшілігі жылма-жыл осы бөлімшеде қаралып, денсаулықтарын түзетіп жүргенін айтты. Дәрігерлер мен мейіргерлердің кәсіби қызметіне, жан жылытарлық ықылас-пейілініне ерекше ризашылықтарын білдіріп жатты. Ал 10-палатада жатқан байқоңырлық 80 жастағы өңіріміздің тарихынан хабары мол Дәметкен Дәуітова әже (Байқоңыр қаласының әскери госпиталында медсестра болып істеп зейнетке шыққан) емдеуші дәрігері Еленаның өзімен емен-жарқын әңгімелескенін айттып, ем жасап жатқан әріптес қыздарының ықылас-пейіліне көңілі толды.

Өмірде әр мамандықтың өз ерекшеліктері бар ғой, алайда бір жеріміз ауырып, киналғанда жүгіретініміз де, жүгінетініміз де – дәрігерлер.

Бұрын да әр жерде емделіп жүрміз, дегенмен облыс халқының денсаулығын сақтаудағы қазіргі көпбейінді облыстық аурухананың орны анағұрлым бөлек екені жұртқа мәлім.

Эндокринология бөлімінде ең бастысы, ұжым мүшелері арасында ерекше түсіністік ахуалы қалыптасқан. Содан да болар, ғимарат ішінен қатты дыбыс не

басқадай абыр-сабыр әрекетті байқамайсыз. Жоғары санатты эндокринолог дәрігерлер Елена Цхай мен Меруерт Бодықова, невропатолог Данара Махадова, гематолог Ләззат Шүкірова, токсиколог Сұлтан Бағлан өз науқастарының жағдайларын тексеріп, қарап, көрсетілген ем-шараларды күн сайын белгілеп беріп жатады. Енді сол ем-шараларды жоғары санатты аға мейіргер Жанар Байұлованың басшылығымен, өздерінің кезегі бойынша мейіргер қыздарым Айнур Олинова, Нұргүл Таңатқанова, Динара Нұржанова, Дина Оспанова, Эльмира Егембаева, Сәуле Қалымбетова, Ақтоты Күзетбаева, Сәлима Сержанова, Ұлтай Бақытжан мен физикабинеттің мейіргерлері Эльмира Қыдырәлиева, Айнұр Сыздықова тыным таппастан, түрлі жағдайдағы науқастардың тілін тауып, кәсіби біліктілікпен, ерекше жылылықпен атқарып жатқанын көріп, іштей риза күйде боласыз. Бөлімше, науқастарға белгіленген дәрі-дәрмектің аты, дозасы, саны, науқастың аты-жөні, қолданылатын күні мен уақыты көрсетілген QR-кодды бар компьютерде терілген қалташа дайындап, оған дәріні салып, желімдейді және оның сыртына кімнің дайындағаны көрсетіліп, оны уақытылы науқастың орнына апарып қояды. Осы мәліметтерді науқастардың медициналық картасына енгізетін де, оның көшірмесін жасап, емін алып болған науқастарға табыстайтын да, науқастарды көрінетін не тексерілетін орындарына арбамен немесе ертіп апаратындар да осы қыздарым.

Тағы бір көңіл қуантарлық жағдай – бөлімше ғимараты ішінің тазалығы. Аумағы біраз

жер, 13 палатадан бөлек, дәрігерлер мен ем-шара бөлмелері, қаншама қосалқы, санитарлық, оған қоса келесі бөлімшеге дейінгі кірер ауыз, осының барлығын кезектесіп, күні-түні бір тынбай мұнтаздай етіп тазартып, ем алушыларға қолайлы жағдай жасап жатқан Әлия Қазтуғанова, Гүлнар Наурызбаева, Гүлстан Жылқышиева, Зылиха Айтуғанова, Гүлмира Алшынтаева, Гүлзира Исабек, Ақсұлу Төлепова, Олимпиада Шелтікова сияқты қарындастарымыз бен қыздарымыздың арқасы ғой. Жағдайы ауырлау не жүруі қиындау емделушілерге үш мезгіл тамақтарын жеткізіп беруші Бағлан Рахменованың да еңбегі атап айтуға тұрарлық. Мен тек өзім көріп-білген, байқаған жайла-рымды ғана сөз еттім, ал бөлімшенің жай көзге байқала бермейтін жұмыстары мен ем-шараларының көп екеніне күмән жоқ.

Ендеше осыншама тірлікті мінсіз атқаруға бөлімше ұжымын жұмылған жұдырықша ұйыстырып, олардың әрқайсының білім жетілдіріп, кәсіби шеберлік шыңдауына, бір-бірімен ыңыңсыз ұғысуына, тату әрі сыйластықпен бірігіп еңбек етуіне жағдай жасаушы, әрине өз ісінің нағыз білгірі, облыстық аурухананың ғана емес, бүкіл облыстағы денсаулық сақшыларының алдығы сапынан табылып жүрген Елена Павловна Цхай екеніне емделушілер куә болдық.

Ақ халатты абзал жандардың кәсіби мерекесінде «сіздердің көмектеріңіздің арқасында өз отбасымызда, жақын жандарымыз ортасында жарқын көңіл күйде жүріп жатырмын. Сіздер қанша адамды науқастарға анық-тырып, көбінің үмітін жалғап, жақсы күндерге жетелеп, отбасы мен елі үшін еңбек етуіне жол ашып жатырсыздар.

Осындай айрықша қызметтеріңізде жемісті де жеңісті сәттеріңіз көп болсын! Отбастарыңызға Ұлы жаратушымыз қайырлы, құтты, мерейлі әрі бақуатты тірлік кешулеріңізді бұйыртысын!

Айналайын, ақ халатты жандарым, Ата берсін арайланып тандарың. Науқастарға шипа болып емдерің, Алғыс болсын, арқашан алғандарың! – деп тілек айтамын.

Мұратбек ӘДЕТ, ардагер-ұстаз. «Құрмет» орденінің иегері

ЖОБА

## «Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің «Барсақалмек мемлекеттік табиғи қорығы» республикалық мемлекеттік мекемесінің қорғау аймағын белгілеу туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2014 жылғы 16 маусымдағы № 613 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 26-бабына, «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңының 43-бабына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің «Барсақалмек мемлекеттік табиғи қорығы» республикалық мемлекеттік мекемесінің қорғау аймағын белгілеу туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2014 жылғы 16 маусымдағы №613 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 4728 нөмірімен тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің «Барсақалмек мемлекеттік табиғи қорығы» республикалық мемлекеттік мекемесінің құзет аймағын белгілеу туралы»;

көрсетілген қаулының кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының Жер кодексі» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Кодексінің 123-бабына, «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңының 10, 18, 43-баптарына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**;

көрсетілген қаулының 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. «Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің «Барсақалмек мемлекеттік табиғи қорығы» республикалық мемлекеттік мекемесінің аумағында жер учаскелері меншік иелері мен жер пайдаланушылардан алынып қойылмай және жер санаты ауыстырылмай, ені екі шақырымнан кем емес, жалпы ауданы 52160,54 гектар, оның ішінде ауданы 19638,77 гектар «Барсақалмек» учаскесі, ауданы 26670,57 гектар «Қасқақұлан» учаскесі және ауданы 5851,2 гектар «Сырдария өзені Дельтасы» учаскесінің құзет аймағы;

осы қаулы қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің «Барсақалмек мемлекеттік табиғи қорығы» республикалық мемлекеттік мекемесінің құзет аймағы аумағында табиғат пайдалану режимі мен тәртібі белгіленсін»;

көрсетілген қаулының 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі және Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің «Барсақалмек мемлекеттік табиғи қорығы» республикалық мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын»;

көрсетілген қаулы қосымшасының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің «Барсақалмек мемлекеттік табиғи қорығы» республикалық мемлекеттік мекемесінің құзет аймағы аумағында табиғат пайдалану режимі мен тәртібі»;

көрсетілген қаулы қосымшасының 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің «Барсақалмек мемлекеттік табиғи қорығы» республикалық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – Қорық) құзет аймағы аумағында табиғат пайдалану режимі мен тәртібі «Қазақстан Республикасының Жер кодексі» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Кодексінің 123-бабына және «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңының 18-бабына сәйкес әзірленді»;

көрсетілген қаулы қосымшасының 2-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

3) өсімдіктер мен жануарлар дүниесі үшін зәрлі пестицидтер, улы химикаттар мен тынайтықштар қолданылатын ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығының интенсивті нысандарын енгізуге;

көрсетілген қаулы қосымшасының 2-тармағының 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«8) мемлекеттік табиғи қорықтың экологиялық жүйелерінің гидрологиялық режимін өзгеретін қызметке (гидротехникалық құрылыстар және табиғи су ағынын тоқтатуға немесе азайтуға әкеп соғатын басқа да объектілер салуға)».

2. «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі және Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің «Барсақалмек мемлекеттік табиғи қорығы» республикалық мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Б.Д.Жахановқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі

М.Ергешбаев

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің «Барсақалмек мемлекеттік табиғи қорығы» республикалық мемлекеттік мекемесінің 2026 жылғы 20 мамырдағы № 03-21/172 хатымен

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басылымдарға хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: sm-jarnama@yandex.kz

## «ЖҮРЕКТЕГІ ЖАПЫРАҚ» ОҚЫРМАНҒА ЖОЛ ТАРТТЫ



«Достық үйінде» ұйымдастырылған іс-шараны облыс әкімінің орынбасары, ҚР Президентінің Байқоңыр кешеніндегі арнаулы өкілі Қайрат Нұртай жүргізді. Жиынның кіріспесінде Қайрат Ырзақұлұлы өңірдің руханият саласында атқарылып жатқан ауқымды жұмыстарды саралай келіп, Сыр перзенті, мемлекет және қоғам қайраткері Нұрғали Жүсіптің өмір жолы мен шығармашылығын кеш қонақтарына қысқаша таныстырды.

Қаламгердің оқырман қолына тиген жаңа туындысына аймақ халқының атынан ыстық ықпал білдіріп, облыс әкімі Мұрат Ерғешбаевтың арнайы құттықтауын табыс етті.

Алғашқы сөз кезегін алған Сенат депутаты Бекболат Орынбасаров, Амангелді Есбай кітап авторын шығармашылық еңбегінің жарыққа шығуымен құттықтап, Парламент Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаевтың құттықтауын табыстады.

Қазақстан Жазушылар одағының облыстағы өкілі, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Қаршыға Есімсейітова «Жүректегі жапырақ» кітабына жан-жақты шолу жасап, қалам иесінің әр кезіндегі шығармаларына қатысты ой-пікірін білдірді. Онда жарияланған автордың 15 пен 65 жас аралығындағы өлеңдерінде елге, жерге деген шынайы сүйіспеншілік, азаматтық пен ағалық кезеңнің арасында өмірдің сан алуан соқпағынан түйген салмақты ой-пайымдары оқырманды бей-жай қалдырмайтынын айтты.

Кеште Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенттері автордың өлеңдерін жатқа оқып, кезегі келгенде көңілдерінде жүрген сұрақтарына жауап та алды.

1-бет

Кештің қорытынды сәтінде бірнеше республикалық басылымдарды басқарған қазақ журналистикасының қайраткері, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының, ҚР Журналистер академиясының мүшесі, Қазақстанның құрметті журналисі Нұрғали Жүсіп туған жер төрінде өткен жылы жүздесуге қатысушыларға тебіреніспен алғысын білдірді.

«Жүректегі жапырақ» кітабының кіріспесінде автор «Абайдың әрбір қара сөзінде қазақтың болмыс-бітіміне тән терең философиялық ойлар жатыр. Қазір мен Абайдың жанынан асып кеттім. Шынында талай нәрсені көрдік. Бір талай өмірімізді өткіздік. Не көрдік? Не түйдік? Айтармызды айтқан сияқтымыз... Жазармызды жазған тарихіміз...» деп толғанысын жеткізген екен. Кеш барысында да әңгіме ауаны осы төңіректе өрбіді. Сондай-ақ оқырман қауым алдында бірнеше өлеңін оқып, орыс әдебиетінен жасаған аудармалары жайында ой қозғады. Осындай жыр шумақтарының біріне назар салсақ:

Мақтан үшін жазған жок  
өлеңді мен,  
Түсімде де тәтті өлең  
көрем кілең.  
Не жазсам да халқыма  
арнап жаздым,  
Кір келтірмей өлеңге,  
өлем білем...  
Иә, Жаратқанның жазуымен  
қолына қалам алған ақын  
жазушыға ең басты керекі –  
ақыл-ойдың тереңдігі, парасат-  
пайымның кемелдігі. Осы  
тұрғыдан келгенде, қаламгер  
шығармаларындағы толғанғысты  
ой, тұжырымды пікір адам  
тіршіліктің ақ-қарасын тереңі-  
рек тануға жетелейді.

Ғазиза ӘБІЛДА,  
«Сыр бойы»

/// АЙТЫС

## «МЫЛТЫҚТА ТҮТЕП ТҮРҒАН МЕН БІР ПЫСТАН»

Айтыс – ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан тағылымы мол өнер тақырыбы.

Жайлауы думан, қыстауы той қазақ кез келген жерде айтысып, сөз күдіретімен өнер туғызған.

Қазіргі кезеңде оқушылардан бастап ардагерлерге дейінгі аралықтағы өткізіліп келе жатқан айтыс аталарымыздың анық бейнесі іспетті. Бұл ұлттық кодқа оралу деген істің бір қадамы болса керек.

Жақында А.Токмағамбетов атындағы мәдениет үйінде облыстық ардагерлер кеңесінің бастамасымен «Ардагерлер өнегесі – айтыс өрнегінде» атты тамаша шара өтті. Ардагерлер арасындағы облыстық айтыстың негізгі мақсаты ардагерлердің қоғамдағы беделін көтеру мен ұлттық мәдениетті, салт-дәстүрді насихаттау, отбасылық құндылықтарды дәріптеу, ұрпақтар сабақтастығын нығайту бағытын көздеді.

Шараның ашылуында облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы С.Дүйсенбаев сөз сөйледі. Ардагерлер басшысы атадан мирас болған үздік үрдістің алтын тінін үзіп алмай, келешекке жол көрсеткен ардагер ақындарға ақжол тіледі.

Ақ домбыра қолға алған ақындар кәсіби айтыскерлер емес, алайда, олар – мәдениет саласында қызмет еткен, өнер қадірін білетін алдыңғы буын. Сондықтан да сахнадағы сөз тыңдарманы үшін қызығалықты болды. Олар айтыстың екінші кезеңінде «Құлманбет айтысы» әдісімен берілген тақырыптар бойынша өлең құрап, суырыпсалмалық қабілеттерін танытты.

Жалпы, айтыс – адамның талантын ғана емес, шынайы болмысын ашатын өнер. Бұл айтыста үлкен кісілердің башалай аңғалдығы, данадай парасаты алдыға шықты.



Тарихтағы «Құлманбетті» әр қазақ біледі. Бұл айтыс ІХХ ғасырдың соңында Албан жайлауындағы Шарипа есімді бай қызының ұзатылу тойында өткен. Сол айтыста Құлманбеттің Жамбылға «Мылтықта түтеп тұрған мен бір пыстан» дейтіні бар.

Байырқалап отырсақ, сол пыстан әр қазақтың ішінде бар, бүгінгі айтыста да ардагерлер өздерінің өрге шыға алатын өнерлерін паш етті. Мұндай айтыстарды алдағы кезеңде ұйымдастырып тұру керек екен деген ойға қалдырды.

Айтысқа Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, белгілі театр режиссері Хүсейін Әмір-Темір, ҚР Ақпарат саласының үздігі, белгілі журналист-қаламгер Дүйсенбек Аяшұлы, халықаралық айтыстардың бірнеше дүркін жеңімпазы, ҚР

Мәдениет саласының үздігі Нұрмат Мансұр қазылық жасап, ардагер ақындардың лайықты бағасын шығарды.

Бірінші, екінші орынға қызылордалық ардагерлер, мәдениет саласының майталмандары Қазына Өзденбаева мен Қасарбек Көрбаев, үшінші орынға сырдариялық Жұмағазы Оразов пен қазалылық Толағай Дүңкиев ие болып, бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Өнер сайысын «Алтын домбыра» сыйлығының үш мәрте иегері, айтыс ақтангері Мұхтар Ниязов жүргізіп, сөз додасының сәнін келтірді.

Көрермен шара арқылы рухани бір шуаққа бөленгендей болды.

«СБ» ақпарат

/// БРИФИНГ

## ЕСКЕРТУГЕ ҚҰЛАҚ АСҚАН АБЗАЛ

Суға шомылу маусымында тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін кешенді жұмыстар жүргізілуде. Су айдындарындағы жазатайым оқиғалардың алдын алу, қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру және балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бағытында рейдтік, профилактикалық және ақпараттық-түсіндіру шаралары тұрақты түрде ұйымдастырылуда. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында облыстық Төтенше жағдайлар департаментінің Төтенше жағдайларды жою басқармасының бастығы Жандос Досымов мәлімдеді.

Оның айтуынша, өңірдегі су айдындарында азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі ерекше бақылауда. Әсіресе жаз мезгілінде тұрғындардың өзен-көлдерге жиі баруына байланысты қауіпсіздік талаптарын сақтау аса маңызды.

– Су айдындарындағы қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру – басты міндеттеріміздің бірі. Осы орайда департамент

қызметкерлері полиция, жергілікті атқарушы органдар, еріктілер, үкіметтік емес ұйымдар, блогерлер және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерімен бірлесіп жыл бойы профилактикалық және рейдтік жұмыстар жүргізуде. Жыл басынан бері облыс аумағында 410 рейд ұйымдастырылып, 14 мыңнан астам тұрғынға судағы қауіпсіздік ережелері түсіндірілді. Оның ішінде 7 мыңнан

астамы – жасөспірімдер. Профилактикалық жұмыстарға 210 ерікті тартылды. Сонымен қатар, суға түсуге тыйым салынған 63 қауіпті аумаққа 398 ескерту тақтайшасы орнатылды. Білім беру ұйымдарында 38 мыңнан астам оқушыны қамтыған 238 интерактивті және ашық сабақ өткізіліп, судағы қауіпсіздік қағидалары мен төтенше жағдай кезіндегі іс-қимыл тәртібі түсіндірілді, – деді Жандос Ерланұлы.

Судағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету жұмыстары шомылу маусымы аяқталғанға дейін жалғасады. Құтқарушылар тұрғындарды тек рұқсат етілген орындарда шомылуға және қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтауға шақырады.

«СБ» ақпарат

/// ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ

## ФАВОРИТТЕР СҮРІНДІ, ЖАҢА ЖҮЛДЫЗДАР ЖАРҚЫРАДЫ

Солтүстік Америкада өтіп жатқан FIFA 2026 Әлем чемпионаты күн өткен сайын қыза түсуде. Топтық кезеңнің алғашқы матчтары жанкүйерлерге тартысты ойындар, күтпеген нәтижелер және тарихи жетістіктер сыйлады. Кейбір фавориттер сүрінде, енді бірі өз мүмкіндігін паш етіп, футбол әлемін таңғалдырды.

К тобындағы басты кездесулердің бірінде Португалия құрамасы Конгомен ұпай бөлісті. Матчтың небәрі бесінші минутында Жоау Невеш есеп ашып, еуропалықтарды алға шығарған еді. Алайда бірінші таймға қосылған қосымша минуттарда Иоан Висса таразы басын теңестіріп кетті. Криштиану Роналду бастаған португалиялықтар ойын тізгінін қолға алуға тырысқанымен, жеңіс голын соға алмады. Нәтижесінде фаворит саналған ұжым алғашқы ойында-ақ маңызды ұпай жоғалтты.

Осы топтағы тағы бір кездесуде Колумбия құрамасы Өзбекстанды 3:1 есебімен жеңді. Мехикодағы әйгілі «Ацтек» стадионында өткен матч Орталық Азия футболы үшін тарихи сәтке айналды. Ойынның 60-минутында Аббосбек Файзуллаев есепті теңестіріп, Өзбекстанның Әлем чемпионаттары тарихындағы алғашқы голын соқты. Дегенмен Луис Диас пен Хаминтон Кампастың дәл соққылары колумбиялықтарға жеңіс сыйлады.

І тобындағы алғашқы турда Англия құрамасы Хорватияны 4:2 есебімен жеңіп, турнирдегі ең тартысты матчтардың бірін өткізді. Арлингтондағы кездесуде Харри Кейн дубль авторы атанып, мундиальдардағы гол санын 10-ға жеткізу арқылы Англия

анызы Гари Линекердің рекордын қайталады. Сонымен қатар, Кейн Әлем чемпионаттары тарихындағы пенальтиден ең көп гол соққан футболшыға айналды. Англия сапынан Джуд Беллингем мен Маркус Рэшфорд та мергендік танытса, хорваттар сапында Мартин Батурина мен Петар Муса көзге түсті.

Осы кватреттің екінші ойынында Гана құрамасы Панаманы 1:0 есебімен жеңді. Торонто қаласында өткен кездесуде екі команда да бірнеше қауіпті шабуыл ұйымдастырғанымен, негізгі уақыт бойы есеп ашылмады. Матч тағдыры қосымша уақыттың соңғы сәтінде шешіліп, 95-минутта Калеб Ииренки жылдам қарсы шабуылды дәл соққанымен аяқталды. Бұл ойын Гана ұлттық құрамасы сапындағы алғашқы голы болып, командасына маңызды үш ұпай сыйлады.

А тобындағы Чехия мен Оңтүстік Африка Республикасы арасындағы кездесу де жанкүйерлерді бейжай қалдырмады. Михал Шадилек матчтың алтыншы минутында мергендік танытып, осы Әлем чемпионатындағы ең жылдам голдың авторы атанды. Чехтар жеңіске жақын тұрғанымен, 83-минутта Тебохо Мокоена пенальтиден мұлт кетпей, есепті теңестірді. Осылайша командалар бір-бір ұпайдан еншіледі.



В тобында Канада құрамасы турнирдегі ең ірі жеңістердің біріне қол жеткізді. Қатар қапасына жауапсыз алты доп соққан алаң иелері өз жанкүйерлеріне ұмытылмас кеш сыйлады. Матчтың басты қаһарманы Джонатан Дэвид болды. Ол хет-трик жасап, Әлем чемпионатында мұндай жетістікке жеткен алғашқы канадалық футболшы атанды. Кайл Ларин мен Натан Салиба да мергендер қатарынан көрінді. Тағы бір голда қатарлықтар өз қапасына соғып алды. Ал Қатар қауіпсіздік ойыншысынан айырылып, кездесуді тоғыз футболшымен аяқтады.

Бұл жеңістің канадалықтар үшін маңызы ерекше. Өйткені ұлттық құрама өз тарихындағы Әлем чем-

пионаттарындағы алғашқы жеңісіне қол жеткізді. Бұған дейін олар мундиаль алаңында бірде-бір рет үш ұпай еншілей алмаған еді.

В тобындағы тағы бір ойында Швейцария Босния және Герцеговинаны 4:1 есебімен ойсырата жеңді. Бір қызығы, матчтағы барлық бес гол соңғы жиырма минут ішінде соғылды. Йохан Манзамби дубль авторы атанса, Рубен Варгас пен Гранит Джака да есеп тақтасына өз есімдерін жазды. Эмир Махмич босниялықтардың жалғыз голының авторы атанды.

Алғашқы турлар көрсеткендей, FIFA 2026 Әлем чемпионаты фавориттердің ғана додасы болмайын деп тұр. Қара құрлық өкілдерінің қарсылығы, дебютанттардың батыл

ойыны және жұлдыздардың жаңа рекордтары турнирдің көркін қыздыра түсті. Алда жанкүйерлерді бұдан да қызықты матчтар күтпеген нәтижелер күтіп тұрғаны анық.

2026 жылғы футболдан Әлем чемпионаты алғашқы күндерден-ақ рекордтар мен тарихи оқиғаларға толы болуда. Турнирдегі ең үлкен қызығушылық Өзбекстан мен Колумбия арасындағы кездесуге ауып отыр. Бұл матчқа 74 мыңнан астам билет сатылып, топтық кезеңдегі ең сұранысқа ие ойын атанды.

Англия құрамасы да тарих парағын жанартты. Ағылшындар Әлем чемпионатында 1966 жылғы атақты финалдан кейін алғаш рет қарсыласын 4:2 есебімен жеңді. Ал кос гол соққан Харри Кейн мундиальдардағы гол санын 10-ға жеткізіп, ұлттық құраманың анызы Гари Линекердің рекордын қайталады.

Биылғы Әлем чемпионаты жұлде қоры бойынша да рекорд орнатты. Турнирдің жалпы сыйақы қоры 480 миллион долларды құрайды. Әлем чемпионы 46 миллион доллар иеленсе, топтық кезеңнен аса алмаған құрамалардың өзі кемінде 10 миллион доллар алады.

Сондай-ақ үш мемлекетте өтіп жатқан мундиальдың ерекше белгісі ретінде үш ресми талисман таныстырылды. АҚШ-тың қыраны Сэм, Канаданың бұғысы Эл және Мексиканың ягуары Хари жанкүйерлердің сүйіктісіне айналып үлгерді.

Бағлан АМАНЖОЛ,  
«Сыр бойы»

www.facebook.com/syrboiy.kz/



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР  
**Марат АРАЛБАЕВ**  
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)  
БАС РЕДАКТОР  
**Қуат ШАРАБИДИНОВ**  
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)  
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:  
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)  
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)  
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)  
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)  
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38  
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

https://twitter.com/syrboiy

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті  
ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес  
KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсыры бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

www.instagram.com/syrboiy\_kz

Газет аптасына сейсенбі, бейсенбі, сенбі (сенбілік екі нөмір) күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу нөмірі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.